

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН МҮЛТІКСІЗ ҚОРҒАУҒА МІНДЕТТІ

2-бет



ТАУАРЛАРДЫ ТАҢДАЛАУ ОПЕРАТОРЫ МОНОПОЛИСТ БОЛМАСЫН

4-бет



АТАДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

14-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №3 (977) 24.01.2022 jyl


# ХАЛЫҚ ҚАРЖЫСЫНА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ЖАСАЛСЫН



3 бет

Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде Қ.Тоқаев мемлекет басшысы ретінде Қазақстанда дамудың жаңа кезеңінің басталатынын жария етті. Бұл сөзі миллиондаған тұрғындарымыздың көңілінен шықты деуге болады. Өйткені отыз жыл бойы ат төбеліндей бай-олигархтарға жем болған халық осыны көптен күткен еді. Егер Қ. Тоқаев берген тапсырмалар нақты орындалатын болса шынында жаңа бір кезеңнің басталғаны емес пе. Жақында мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Есеп комитеті «Самұрық-Қазына» ұлттық қорында ашық тексерісті бастады деген хабар таратылды. Есеп комитеті тікелей Қазақстан президентіне бағынатын құзырлы мекеме.



## ШЫНДЫҚ БӘРІБІР ЖЕҢЕДІ

Көлбайдың мемлекет және қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов, Дінмұхамед Қонаев, Төлеген Тәжібаев, Асанбай Асқаров, Өмірбек Жолдасбеков, Өзбекәлі Жәнібеков өмірінен жазған туындылары да тағылымға толы. Біз бүгін жетпіске толған осынау жазушы-журналисті мерейлі жасымен құттықтап, оқырман сүйсінер жаңа шығармалар жаза беруіне тілектестік білдіргіміз келеді.

8-9 бет



## САЛЫҚШЫЛАР ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ЕМЕС, ОФШОР ОЛИГАРХТАРЫН ҚЫСУЫ КЕРЕК

Патенттер арқылы нағыз жемқорлар мен олигархтарды ұстап, елге халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша 160 млрд. долларға тең ұрланған қаражатты немесе Қазақстанның бүкіл жылдық ЖІӨ-ін қайтаруға тиіс салық қызметкерлерінің үлкен тобы босатылады. Міне, бюджет кірістерінің резервтері,Үкімет пен фискалдар шағын және орта бизнесті жоймай, өздерінің принциптілігін көрсетуі керек.

4 бет



## АЙҒА ШАҒЫЛЫСҚАН АЛДАСПАН

немесе КЕНЕСАРЫ ТҰЛҒАСЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

6-7 бет

## НЕОБХОДИМО ПРИМИРЕНИЕ ЭЛИТ, ВЛАСТИ И НАРОДА!



Ситуация кардинально изменилась – в мире идет переформатирование будущего глобального мироустройства. В нем выживут не просто сильные, но экономически самодостаточные, самостоятельные и подготовленные государства, которые сумеют без посторонней помощи выжить в условиях мировой гибридной войны. И в таких условиях надо надеяться только на себя, на свою экономику, медицину, финансы, кадры, силовые структуры и т.д. и развивать их.

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН МҮЛТІКСІЗ ҚОРҒАУҒА МІНДЕТТІ

**Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кеңес өткізді.**



Мемлекет басшысы Мұрат Бектановты Қорғаныс министрі лауазымынан босатып, бұл қызметке Руслан Жақсылықовты тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойғанын хабарлады. Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштерге деген талаптың күшейе түскеніне тоқталды. «Армия Тәуелсіздігіміздің тірегі болып, мемлекет мүдделерін қорғауы тиіс. Қаңтар оқиғасы кезінде Қарулы Күштер өзіне сенімсіз әрі қабілетсіз басшылығының кесірінен жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде атқара алмады. Министр Бектанов командирлік қабілетін көрсете алмады. Командалық-штабтық және әскери жаттығулар кезінде оң нәтиже көрсеткен армиямыз бола тұра, сын сағатта оның әлеуетін пайдалана алмадық. Сырттан көмек шақыруға мәжбүр болдық, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президент геосаяси жағдайды және аймақтық деңгейдегі өзекті сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери дайындығын түбегейлі арттыруды, сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер туралы уақтылы әрі нақты ақпараттармен қамтамасыз етуге тиісті әскери барлау қызметін күшейтуді талап етті. Сондай-ақ оларға қысқа мерзім ішінде басқа күштік құрылымдармен бірлесіп, барлық ұйымдастыру шараларын қабылдап, арнаулы операцияларды орындауға дайындалу міндеті жүктелді. Қасым-Жомарт Тоқаев қару-жарақ сақтайтын нысандарда төтенше жағдайлардың қайталануына жол бермеу қажеттігін еске салды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан армиясының техникалық және жауынгерлік жабдықтарын жаңартуды міндеттеді. Оның айтуынша, әскери борышты өтеу міндетінің беделін көтеріп, абыройын арттыру қажет. Қаңтар оқиғасының сабақтарын ескере отырып, қару-жарақ және әскери техника сатып алу жөніндегі 2022 жылға арналған жоспарды қайта қарауды және Қарулы Күштердегі кадрлық әлеуетті арттыру шараларын қабылдауды тапсырды.

# ТИІМСІЗ ЖОБАЛАР ЖҰРТТЫ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛДЫРДЫ

**«Ауыл халқы 35 мың теңгеге күнелтіп отыр. Өзін асырай алмай отырған ауылдағы ағайын қаланы қайдан қамтамасыз етеді? Тұрғындардың «шықпа жаным, шықпа» деп отыруына екі қолға бір күректің табылмауы себеп болып отыр» – деп дабыл қақты депутаттар.**

Депутаттар ірі аграрлық компаниялар ауылдағы жұмыссыздықты жоюға атсалысу керектігін айтады. Сенат депутаты Ақылбек Күрішбаев Үкімет және жергілікті атқарушы органдар ірі ауылшаруашылық компанияларын аймақтарды дамытуға тарта отырып, ауылдық инфрақұрылымды салу және жөндеу, жалдамалы жұмысшылардың жалақысын арттыру, жер үлесі иелеріне лайықты ақы төлеуді қамтамасыз ету, ауылда кооперацияны дамыту үшін қызмет көрсететін кәсіпорындар, якорлық өндірістер құру, ауылдық елдімекендердің жайылымдарын олардың тұрғындарына қайтарып беру жөнінде тиісті шараларды қабылдау қажет деп санайды.

Ресми деректерде 450 мың отандасымыз жұмыссыз отыр. Оның үштен бір бөлігі ауылдықтар. Алайда халық қалаулылары бұндай статистикаға сенбейді. Олардың пікірінше жұмыссыздардың саны бұдан да көп. Мемлекет жыл сайын жұмыссыздықпен күреске миллиардтап қаржы шығарады. Мысалы, былтыр дағдарысқа қарсы жобалардың тек 14 пайызы ұзақ мерзімге жасалған. Сөйтіп саусақпен санарлық тұрғын ғана жұмыспен қамтылған. Құрғақ сандар жастарды жұмыссыз, халықты берекесіз етті дейді сенаторлар.

«Еңбек министрлігі мен әкімдіктер көп жағдайда жүздеген миллиардтар құйылып жатқан еңбек бағдарламалары аясында тиімділігі аз жобаларға басымдық береді. Сондықтан әлеуметтік саланың әлсіздігін өтейтін негізгі басымдықтар сәтсіздікке ұшырады» деп есептейді сенатор Айгүл Қапбарова.

# АЛМАТЫДА ЖАПА ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

**Алматыда жапа шеккен полиция қызметкерлері, дәрігерлер мен өрт сөндірушілерге 2 миллион теңгеге дейін өтемақы беріледі. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қаңтардағы қақтығыста жанын пида еткендердің құрметіне еске алу пантеоны салынатынын да мәлімдеді.**



Шаһар басшысы дүрбелеңнен зардап шеккендер назардан тыс қалмайды деп сендірді. Әсіресе сын сағатында қызметін адал атқарып, түрлі жарақат алған дәрігерлер, күш құрылым өкілдері мен өрт сөндірушілерге өтемақы төленетінін мәлімдеді. Қақтығыста қала тыныштығы мен азаматтардың өмірін сақтап қалуға күш салу барысында ауыр жарақат алғандарға 2 миллион теңге, орташа және жеңіл жарақат алғандарға 1 миллион мен 500 мың теңгеден беріледі. Сағынтаев қанды қырғында қаза тапқандардың құрметіне пантеон салынатынын да айтты. Қазір құрбандарды еске алу монументінің нобайын әзірлеуге ашық байқау жарияланған. Ал алаң-еленде оқ тиген жандардың 90 пайызы емделіп ауруханадан шығарылыпты. Жаңа жұмыс орындарын ашып, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін қала әкімі барын салуға уәде берді. Өйткені қаңтардың басындағы бейбіт шеру қымбатшылықтың қыспағын айтудан басталғаны есімізде.



# ҰҚШҰ ӘСКЕРІ ҚАЗАҚСТАННАН ТОЛЫҚ КЕТТІ

**Бұл туралы Қорғаныс министрлігі халықаралық ынтымақтастық департаментінің бастығы Олжас Құсайынов мәлім етті.**

«Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық бітімгер күштерін Қазақстан аумағынан шығару аяқталды. Соңғы жеке құрам мен техника әуе кемесімен Алматыдан ұшып шықты. Қазіргі Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің әскери қызметшілері жоқ. Елімізден ҰҚШҰ-ның біріккен бітімгершілік контингентін кезеңкезеңімен шығару биыл 13 қаңтардан бастап Қарулы күштердің Жоғары бас қолбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев белгілеген мерзімде жүзеге асырылды», -деді министрлік өкілі орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде. Оның айтуынша, бірлескен бітімгер контингенті Қазақстан аумағында ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың 2 және 4-баптарына сәйкес әрекет еткен. «Жыл сайын өтетін бірлескен оқу-жаттығу, оның ішінде мызғымас бауырластық бітімгершілік оқу-жаттығу барысында әзірленген іс-қимылдар үйлесімділігінің арқасында ұйымның бітімгершілік әлеуеті жедел іске қосылды», – деді Олжас Құсайынов.

# КОРОНАВИРУС ҚАУПІ КҮШЕЙДІ

**Қазақстан бойынша бір тәулікте қауіпті кеселді жұқтырғандар саны 16 мыңға жуықтады. Бұл пандемия басталғалы жаңа антирекорд. Жылдам тарайтын «омикрон» штамының елді жайлауынан барлық өңірлерде карантин талаптары қайта қатаңдатылып жатыр.**

Көпшіліктің қатысуымен өткізілетін барлық іс-шара, соның ішінде мешіттерде жұма намазға жамағаттың жиылуына да тыйым салынды. Індет күн сайын күш алып барады. Әсіресе Нұр-сұлтан мен Алматы қаласында жағдай мәз емес. Елорда да бір күнде 5050 отандасымыз індеттің ілмегіне іліксе, мегаполисте 2025 адамның сынамасы оң нәтижені көрсетіпті. Ал эпидкартада Түркістан облысынан өзге аймақтың барлығы «қызыл» түске боялған. Бұған қоса ауруханада жатқан 300 науқас ауыр халде. Еліміз бойынша індет басталғалы бері кеселге шалдыққандардың жалпы саны 1 миллион 1 жүз мың адамнан асып кетті.

# КЕДЕНДЕГІ ТЕКСЕРІС ҚЫЗМЕТКЕ КЕДЕРГІ БОЛМАЙДЫ

**Қазақстан-Қытай шекарасындағы тексерулер тауарларды кедендік шекара арқылы заңды түрде өткізуге кедергі келтірмейді. Бұл туралы Мемлекеттік кірістер комитетінен мәлім етті.**

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде Бас прокуратура, Қаржы мониторингі агенттігі және Қаржы министрлігі өкілдерінен арнайы құрылған жұмыс тобы қазақ-қытай шекарасында тексеру жүргізіп жатыр. Тексеру тек қана уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі бар импорттаушыларға қатысты. Тексеру қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шаралар қабылданады. Бұл тексерулер тауарларды кедендік шекара арқылы заңды түрде өткізуге кедергі келтірмейді және адал бизнес сыртқы экономикалық қызметті шектеусіз жүзеге асырады. Жалпы қазақ-қытай шекарасындағы өткізу пункттері мен тауарларды кедендік тазартудың өзге де орындары белгіленген жұмыс режиміне сәйкес қызметін жалғастырып жатыр.

# СОДЫРЛАР ЖЕРЛЕНГЕН ЗИРАТ ТАБЫЛДЫ

**Алматыда содырлар жерленген жасырын зират анықталды.**

Бұл ақпаратты ресми органдар растап отыр. «Иә, бұл рас мәлімет. Тәртіпсіздікке қатысушыларды анықтау қиынға соғу үшін жасырын жерлеу жұмыстары жүргізілген», – деді Алматы қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек. Еске сала кетейік, Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов жаппай тәртіпсіздіктер кезінде мәйітханаға жетіге жуық шабуыл жасалып, 41 адамның денесін белгісіз біреулер ұрлап кеткенін айтқан болатын. Ал жасырын зиратта қанша адам және нақты кімдер жерленгені туралы деректер айтылмаған.

# АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫМБАТТАП БАРАДЫ

**Азық-түлік бағасы күн сайын көтеріліп, қымбатшылық та қысып барады. Еліміздің әр өңіріндегі тұрғындар азық-түлік бағасының күн сайын көтеріліп жатқанына наразы.**



Мұны статистика мамандары да растап отыр. Бірер жыл мың теңгеге дүкеннен дорбасын толтырып шығатын. Қазір ол ақша күнделікті нан мен шайға әрең жетеді. Азық-түлік құнының күн сайын өсуі кесірінен алар айлығы тек ішіп-жемнен артылмайды.

Соңғы жарты жылда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тізіміне кіретін 18 тауардың барлығы бірдей қымбаттаған. «Бір аптаның арасында бағаның өсуі байқалды. Қырыққабат 1,3 пайызға, картоп бір пайызға өсті. Нанның бағасы қазіргі күні 84 теңге, жұмыртқаның орташа бағасы 329 теңге. Қазір ел бойынша бірінші сұрыпты ұнның келісі 133 теңгеден басталады. Ал тауық еті 935 теңге, сұйық майдың литрі 721 теңге, шекер 289 теңге. Бұл ең арзан деген баға. Оны көтерме базардан дүкенге жеткізгенше тағы бірнеше теңге қосылып отырады. Одан әрі қымбаттамауына әзір ешкім кепілдік бере алмайды» - дейдіАқтөбе облысы статистика департаментінің басқарма басшысы Шара Нұрпейісова.

# ХАЛЫҚ ҚАРЖЫСЫНА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ЖАСАЛСЫН

**Елімізде бейбіт шеруден басталып, соңы үлкен қақтығысқа айналған қаңтар қасіретінің көрінісі әлі де көз алдымызда. Тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық лайықты жағдайды талап етіп шыққан бейбіт ереуілін біреулер арам пиғылдарына қарай пайдаланып, қанды қақтығысқа айналдырып қаншама қасірет әкелді. Жазықсыз жандар жапа шегіп, қаншама адам оққа ұшты. Бүлік тоқтатылғанмен сол күндердің жаңғырығы басыла қойған жоқ. Оның себептері мен салдарын анықтап жатқан құқық қорғау орындары толық тексеріп, заңдық тұрғыдан әлі де нақты шешім шығарып үлгерген жоқ.**



Тұрмыстық жағдайлары төмендеп кеткен тұрғындарымыз алаңдарға билікке таласып шықпағаны белгілі. Әуелде сұйықтатылған газдың бағасының тым қымбаттап кетуіне қарсы болған ереуіл Жаңаөзеннен басталып бүкіл елімізді қамтыды. Оған нақты себеп бар еді. Газ, электр қуаты, жанар-жағар май, коммуналдық төлемдер мен күнделікті тұынатын азық-түлік, өзге таурлардың бағасы да әлсін-әлсін көтеріліп, қарапайым халықтың қалтасын қағып, сатып алу мүмкіндігін әлсіретті. Оған миллиондаған адамдарымыз банктерден алған несиенің жоғары мөлшерлемесі мен салық орындарының қыспағын да қосып қойыңыз. Ал ең бастысы, жемқорлыққа салынған жоғары лауазымды тойымсыздардың халық байлығын ұрлап, отандастарына опасыздық жасауы осыған тікелей әсер етті. Өйткені барлық қаржыны қалтасына басып, қатардағы қарапайым халықты қайыршылыққа жеткізді. Яғни, қымбатшылық құрсауында қалған халық ереуілге шығуға мәжбүр болды. Осыған орай Қазақстан Президенті Үкіметке тапсырмалар беріп, мемлекеттік комиссия құрылып, сұйытылған газдың бағасы екі есе арзандатылды. Бірақ бір ғана газ бағасы жылдар бойы қордаланған бүкіл мәселені шешпесі өзінен өзі түсінікті болатын. Осы қордаланған мәселі туралы БАҚ-та жазылып, бейбіт шеруге шыққан тұрғындарымыз жылдар бойы айтып келді. Өкініштісі, халықты қалың тобыр санаған билік бұған мән бермеді. Соның салдарын енді көріп отырмыз. Қанды қаңтар кезінде келтірілген шығын жүздеген миллиард теңгемен есептелуде. Ол әлі де толық анықталып болған жоқ. Осы миллиардтаған шығындарды қазір орнына келтіруге бөлінетін қаржыны дер кезінде халық үніне құлақ асып солардың игілігіне жұмсауға болушы еді.Ал кінәсіз қиылған жүздеген адам өміріне ешқандай баға жетпесі белгілі.

Қазақ көнтерлі, не бір қиындыққа төзе білетін ұлт, оны тарих талай рет көрсетті. Бірақ әділетсіздікке, қорлыққа шыдай алмайды. Халықтың тұрмысы жақсы болса адамдарымыз алаңға шықпас та еді. Демек шыдамы шегіне жетіп, намысы тапталды деген сөз. Осы қаңтардағы қасіреттен кейін жылдар бойы тұрғындар талабына теріс қарап келген билік бетін бұқараға бұра бастаған секілді. 11 қаңтарда Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген кемшіліктерді атап, оны жоюға тапсырма берді. Оның басым бөлігі елдегі экономикалық ахуал мен халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына арналды. Әсіресе бағаның заңсыз көтерілуіне, әділ бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа айналуға тиістігіне көбірек назар аударды. Шынында елімізде бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналып, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлдың сатып алу саласында осындай келісімдер жасау кеңінен тарап кетті. Бұл бағаның көтерілуіне әкеліп соғады. Сондықтан, картельді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды тексеруге тыйым салу туралы мораторийдің күшін жоюды тапсырды. Экономикамыздың дамуына зор ықпал ететін жанар-жағар май өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан біздің кәсіпкерлер мен тұтынушылар жылдар бойы зардап шегіп келеді. Мемлекет басшысы Бас прокуратура, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тапсырма берді.

Дұрыс-ақ делік! Бірақ бұған сенуге бола ма? Өйткені мұндай тапсырмаларды бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаев та талай рет берген болатын. Ал соның нақты орындалғанын халық көрген емес. Тіпті сала басшыларын шақырып алып есептерін де талай рет тыңдады. Сонда сала басшылары елді отыз жыл басқарған тәжірибелі Н.Назарбаевты алдап, өтірік есеп беріп, «құлақтан теуіп» кеткені ме? Ол мүмкін емес. Қалай болғанда да елімізді жайлаған жемқорлық жеңісті жолын отыз жылда жалғастыра берді. Онымен күресетін құқықтық органдар да дәрменсіз болып қалды. Мемлекет қаржысын, халық байлығын жемқорлар аяусыз тонады. Соны билік басындағылар білмеді ме? Білгенде қандай, тіпті ол туралы халық арасынан шыққан елдегі белсенділер айтып, шетелдік басылымдар ашық жазып жатты. Ал билік болса сол таскереңкүйінде қалып келді.

Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде Қ.Тоқаев мемлекет басшысы ретінде Қазақстанда дамудың жаңа кезеңінің басталатынын жария етті. Бұл сөзі миллиондаған тұрғындарымыздың көңілінен шықты деуге болады. Өйткені отыз жыл бойы ат төбеліндей бай-олигархтарға жем болған халық осыны көптен күткен еді. Егер Қ. Тоқаев берген тапсырмалар нақты орындалатын болса шынында жаңа бір кезеңнің басталғаны емес пе. Жақында мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Есеп комитеті «Самұрық-Қазына» ұлттық қорында ашық тексерісті бастады деген хабар таратылды. Есеп комитеті тікелей Қазақстан президентіне бағынатын құзырлы мекеме.

Бұл қор туралы аталған Мәжіліс отырысында мемлекет басшысы айтқаны белгілі. «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Қордың активі шамамен еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызын құрайды екен. Демек ұйымның қызметі бүкіл экономикамыздың өркендеуге тікелей әсер етеді. КЕГОК, Қазақгаз және Қазақстан темір жолы сияқты көптеген инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық салаларының тиімділігін айқындайды. Бірақ осы қорға жылдар бойы талай рет сын айтылып келгені белгілі. Сонын 2016 жылы орын алған біреуін ғана еске сала кетейік. Мысалы, «Самұрық-Қазына» басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы жыл бойынша 7,182 миллиард теңгені құраған. 630 миллион теңге сыйақыны үш шетелдік басқарушы ғана алыпты. «Самұрық-Қазына» басқармасы мүшелері сол кездегі басшысы Шөкеевті қоса алғанда, алты адам 2016 жылы 293 миллион теңге ақша тапқан. Орташа есеппен әр басқарушыға 48,8 миллион теңге төленген, бұл айына әрқайсына 4 миллион теңгеден астам төленді деген сөз. Оған қоса Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сол кездегі төрағасының орынбасары Алик Шпекбаев «Самұрық-Қазына» өткізген тендердің 94 пайызын бір ғана компания ұтып келгенін, сөйтіп өрескел заңбұзушылыққа жол бергенін айтқан болатын. Бұл жерде де жемқорлықтың исі аңқып тұрғаны белгілі. Бір кәсіпкерді жарылқап, содан өз үлесін алып отыр деген сөз. Тіпті ол кәсіпорын сол жеңілдікті жасап отырған белгілі бір лауазымдының өзінікі болуы әбден мүмкін ғой. Бұл мемлекеттік сатып алу саласы былыққа белшесінен батқанын көрсетеді. Халықтың қаржысын қалай болса солай пайдаланатындарға қатаң шара қолданатын кез жетті. Байқап отырсақ қаржылық заңбұзушылықты, жемқорлықты тек қана мемлекеттік компаниялар мен биліктегі шенеуніктер жасайды. Өйткені бюджет қаржысы соларға сеніп тапсырылған. Бағдарламалардың орындалуы да соларға байланысты. Сондықтан «Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн» – деді мемлекет басшысы Мәжілісте сөйлеген сөзінде.

Сонымен Есеп комитеті «Самұрық-Қазынада» тексерісті бастаған екен. Ешқандай құпиялыққа жол берілмей, жылдар бойы Үкіметтен көл-көсір көмек алған ұлттық қордың барлық құпиясы ашылатын болса бір оң өзгерістің басталғаны деп түсінеміз. Кәсіпкерлердің қандай қолдау алғаны, оларға қаншалықты көмек берілгені, мемлекеттік сатып алуларды қаншалықты әділ, ашық өткені анықталатын болады.

Негізінде біздегі ереже бойынша, Есеп комитетінің алдында ірі холдингтер ашық болуы керек. Олар мемлекеттік органға ғана емес, халыққа да есеп беру керек дейді депутаттар. Жалақысын миллиондап, сыйақысын долларлап алатын қор елдің соры болмау керек деп санайды халық қалаулылары. «Ұлттық мекемелер үйдің ішіне тігілген үй сияқты нәрсе. Бұның барлық тапқан табысы бюджетке тікелей төлену керек. Ал өзара сыйақы ретінде, болмаса басқа ретінде алған жалақыларын мемлекеттік тұрғыдан қарау керек. Енді осы майлы жіліктің басын ұстап отырғаннан кейін, майлы жіліктің қызығын халық көруі керек, мемлекет көруі керек» - деді Мәжіліс депутаты Берік Дүйсенбиев. «Ең бірінші аудит болу керек. Аудит – «Самұрық-Қазына» компаниясының ішіндегі әртүрлі құрылымдардың қайсысы бүгінгі таңда экономикалық тұрғыдан тиімді және үкіметке нақты материалдық пайдасын әкеп жатыр? Үкіметке нақты пайдасын әкелмейтін компаниялардың барлығына тиісті шешім қабылдану керек» - дейді депутат Ерлан Сайыров та.

Қордың күмәнді жұмысына депутаттар бұрындар да ескертулер айтып келгені белгілі. Бұл жолғысы билік тарапынан еске алынып, нақты шара қолданылады деген сенімдеміз. Халықтың қаржысы халық игілігіне жұмсалып, қатаң бақылауда болғаны жөн. Сонда ғана жемқорлықтың жолына тосқауыл қойылады.

*• Дүбірлі дүние*



## БАЙДЕН ПУТИНГЕ ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Ресей Украинаға басып кірсе, «апатқа» кезігеді, Владимир Путин мұндай жағдайда «өмірі көрмеген» Батыс санкциясына ұшырайды. Баспасөз мәслихаты кезінде АҚШ президенті Джо Байден осылай деп мәлімдеді. Бұл жағдайда мысалы, Ресей банктері доллармен операция жасаудан қалады. Байденнің ойынша, Владимир Путин Украинаға операциядан бас тартпайды, бірақ ірі қақтығыстың болғанын да қаламайды. АҚШ президенті Кремльге Батыстың жауабы Ресейдің Украинаға қарсы әрекетінің ауқымы мен салдарына байланысты болатынын сездірді.

Ресейдің Украинаны НАТО-ға алмау туралы талабына тоқталған Байден Украина жақын арада одаққа мүше бола алмайды – Ресей үшін емес, одаққа мүше болуға дайын емес болғандықтан деді. Кейінгі кезде Батыс елдерінде Ресей Украинаға басып кіреді деген болжам күшейе түскен. Бұл әсіресе Украинамен шекарада Ресей әскері нығайып, Женева мен Брюссельде тараптар арасындағы келіссөз нәтижесіз аяқталған кезде ұлғайып отыр.

## ЖАНАРТАУ ТЫНЫҚ МҰХИТТЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН БҰЗДЫ

Тынық мұхитындағы жанартаудың атқылауынан Тонгада 3 адам опат болып, мыңдаған тұрғын жапа шекті. Аралды елді күл басқан. Билік ауыз су жетіспей жатқандығын айтады. Мемлекетпен халықаралық телефон байланысы жартылай ғана қалпына келген. Ғаламтор әлі жұмыс істемейді. Мұхит түбіндегі байланыс желісін жөндеу жұмыстары бірнеше аптаға созылуы мүмкін. Еске сала кетейік, өткен сенбі күні Тынық мұхитындағы Тонга еліне жақын жатқан Хунга-Хаапай жанартауы атқылап, алып толқындар пайда болды. Салдарынан аралды елмен бірнеше күн байланыс болмай қалған еді. Жалпы 107 аралда орналасқан корольдіктің халық саны 100 мыңнан асады.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ ПЕРУДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫР

Тонгада атқылаған жанартаудан кейін алып толқындар соғып, Перуде кемеден көл-көсір мұнай төгілді. Шикізат 18 мың шаршы шақырымға жайылған. Бірнеше арал мен балық аулайтын аудандарға да зиян келген. Қазір тергеу жүріп жатыр. Асау толқын 10 мың шақырым жердегі Перу жағалауына дейін жеткен. Салдарынан зауытқа мұнай құйып жатқан алып кеме шайқалып, шикізат төгілген.

– Жағаға 6 мың баррель мұнай төгілген. Одан келген шығынды анықтау үшін тікұшақпен шикізат төгілген аумақты аралап шықтық. Каверо, Баия-Бланка жағажайымен қатар Анкон жағажайын да қара дақ басқан. Сондықтан Репсоль компаниясынан шығынды өтеуді талап етіледі - дейді Перудің қоршаған ортаны қорғау министрі Румен Рамирес.

**2-3-бетті дайындаған Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# ТАУАРЛАРДЫ ТАҢБАЛАУ ОПЕРАТОРЫ МОНОПОЛИСТ БОЛМАСЫН



**РОП керек. Бұл туралы депутаттық сауалды вице-премьер Б.Сұлтановқа «Ақ жол» демократиялық партиясы парламенттік фракциясы атынан Мәжіліс депутаты Дания Еспаева жариялады. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 11 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде «РОП» (өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері) операторы компаниясының қызметі сынға ұшыраған болатын. Осы жекеменшік компанияның қызметін тоқтату туралы тікелей тапсырма берілді әрі ең бастысы, кәдеге жарату және кәдеге жарату алымын жинау жөніндегі функцияларды мемлекет орындауға тиіс екені атап көрсетілді.**

«Ақ жол» ҚДП фракциясы бұл шешімді түбегейлі қолдайды. Дәл осы біздің фракциямыз 2017 жылғы 20 қыркүйекте Премьер-Министр Б.Ә. Сағынтаевтың атына жолданған депутаттық сауалда РОП операторының құқықтық мәртебесі және ол жинайтын ақша қаражатының мәртебесі туралы мәселені көтерген болатын. Біз, шын мәнінде, бұл салық екенін атап көрсеткен едік, бірақ неліктен екені түсініксіз, аталған салыққа жекеменшік тәртіппен әрі бюджетті айналып өтіп иелік етуде. Біз РОП операторын құру кезінде акционер Үкімет болуға тиіс деген мәселені көтердік. Өкінішке қарай, сол кезде біздің сөзімізге ешкім құлақ аспаған еді.

Бүгін біз тауарларды міндетті таңбалау мәселесін көтеруге мәжбүрміз. «Ақ жол» фракциясының депутаттары 2018 жылы Тауарларды таңбалау туралы келісімнің ратификациялануын қолдамады. Сонымен қатар, біз Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының алаңында таңбалауға жататын тауарлар тізбесін негізсіз кеңейтуді қайта қарау талабымен Үкіметтің атына екі рет хат жолдадық. Тауарларды таңбалауды, шын мәнінде, халықаралық практикада қолданылатындай, көлеңкелі, заңсыз тауарлармен күресу тетігі ретінде акцизделетін тауарлар тобы үшін ғана қолдану керек екенін атап өттік.

«Ақ жол» фракциясы Үкіметтің назарын міндетті таңбалауды енгізу тұтыну тауарлары мен тамақ өнімдерінің қымбаттауына алып келетініне, бизнес үшін есептілікте елеулі проблемалар туғызатынына аударған болатын. Шенеуніктер бізді бұл болмайды деп сендірген, бірақ өткен жылы пилоттық жоба таңбалаудың енгізілуі сүт өнімдерінің 35%-ға қымбаттауына алып келгенін көрсетті. Соның нәтижесінде олар одан бас тартты. Бірақ аяқкиім үшін таңбалауды енгізді, содан көптеген аяқкиім дүкендеріне жұмысының тоқтап қалу қаупі төніп тұр, кәсіпкерлер бағаның 20-25%-ға өскенін айтып отыр, бұл жалпы инфляцияға үлесін қосуда. Басқа тауарлар үшін де таңбалауды енгізу кезекте тұр: мәселен, Үкіметтің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі №568 қаулысына сәйкес тоқыма өніміне, су мен сусындарға, дәрілік заттарға таңбалауды енгізу мерзімдері белгіленген. Кезекте басқа да өнімдер бар.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылғы 19 мамырда Президент Қ. Тоқаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында тауарларды міндетті таңбалауды енгізуді кейінге қалдыруды және бұл мәселені анағұрлым мұқият зерделеуді ұсынған болатын. Алайда, Үкімет оны енгізуді жалғастыруда. Сонымен бірге, мемлекет енгізетін кез келген міндетті төлемдер өзінің табиғаты бойынша салық деп есептелуге тиіс. Мысалы, алкоголь мен темекі өнімдеріне арналған дәл сол акциздік маркалар, олар да нарықтың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы мемлекет атынан енгізілетін міндетті төлемдер – ал бұл төлемдер, шын мәнінде, салықтар – неліктен жекеменшік компанияға – таңбалау операторына келіп түседі деген сұрақты қайтадан көтеруге мәжбүр. Мәселен, тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторы болып 49% жекеменшік құрылымдарға тиесілі «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы айқындалған. Бұл жерде Мемлекет басшысы төлемдерге қатысты мәселесінің басын ашып, олардың жеке тұлғаларға емес, мемлекетке түсуін қамтамасыз етуді тапсырған кәдеге жарату алымымен және РОП-мен еріксіз салыстыруға тура келеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Ақ жол» ҚДП фракциясы:

1) Ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссияға таңбалауға жататын тауарлар тізбесін кеңейтуді тоқтата тұру туралы ұсыныс енгізуді.

2) Тауарларды таңбалауды енгізу тұтыну нарығындағы бағаның өсуімен қатар жүретін жерде одан бас тартуды.

3) Таңбалау операторының функцияларын мемлекетке беруді және тауарларды таңбалаудан қаражаттың ел бюджетіне түсуін қамтамасыз етуді сұрайды.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

# САЛЫҚШЫЛАР ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ЕМЕС, ОФШОР ОЛИГАРХТАРЫН ҚЫСУЫ КЕРЕК

**Шағын бизнеске «кассалық» салық салуды алып тастау және патенттерге толық аудару әлі күнге дейін бірде-бір мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасы құрмаған жұмыс орындарын ашады. Бұл туралы «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Ұлттық экономика министрі А. Қуантаровқа жолдаған «Ақ жол» партиясы фракциясының депутаттық сауалында мәлімдеді.**




Кеше Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Сіздің министрлік Қазақстан экономикасын тұрақтандыру жоспарын ұсынды. «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы Үкіметтің мәлімдеген тәсілдерін қолдайды және олардың іске асырылуына жәрдемдесуге дайын.

Президент Қ.Тоқаевтың табандылығының, халқымыздың ауызбіршілігінің, құқық қорғау органдары мен әскер жанкештілігінің арқасында жүздеген адамнан айыратын мемлекеттік төңкеріс әрекетіне жол берілмеді. Біз Мемлекет басшысына сынаққа толы күндерде көрсеткен батылдығы үшін алғысымызды білдіреміз және барлық қазақстандықтардың, азаматтық және әскери қызметшілердің табандылығына бас иеміз.

Бүгіннен бастап аймақтардағы төтенше жағдай аяқталды, ел бейбіт өмірге қайта оралды. Бірақ болған оқиғалар жинақталған проблемаларды, ең алдымен байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік алшақтықты көрсетті.

Кедейлікті азайтудың маңызды құралы – әрбір қазақстандық отбасы ұлттық табысты қайта бөлуге қатыса алатын жаппай кәсіпкерлік болуы тиіс. Мұның негізгі факторлары – адал бәсекелестік, сыбайлас жемқорлықтан қорғау және салық салу.

Алайда, өкінішке орай, соңғы жылдары салық салуда біз, керісінше, күрделену тенденциясын және «қиындатуды» байқаудамыз. Шамадан тыс есеп беру, шоттарға тыйым салу, кеше сәтті жұмыс істеген кәсіпорындарды банкроттыққа жеткізу, кәсіпкерлерді қорқыту іскерлік климатқа қауіп төндіреді. Осы шараларға банк карточкаларынан төлемдерді жаппай бақылау да жатады. Инфляциялық процестермен бірге ҚҚС шегінің төмендеуі жақын болашақта ҚҚС төлеушілерге, шағын бизнес иелерін, тіпті көкөніс саудагерлеріне дейін, сөзсіз шығындар мен бюрократияға алып келеді. Яғни, іс жүзінде бизнеспен айналысу одан да қиын әрі қауіпті болады.

Біз Президент Тоқаевтың олигархтар табысын халықпен бөлісуі керек деген тапсырмасын қолдаймыз. Деолигархизация Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі болуы тиіс. Бұл туралы «Ақ жол» фракциясы осыған дейін өткен жылдың қорытындысы бойынша атап өткендей, жабайы капитализм мен монополиялар дәуірін тоқтататын кез келді, өркениетті нарыққа көшу керек. Бірақ, шағын бизнесті салық қысымына ұшырату арқылы олигархтарды таппайсыздар, құрметті шенеуніктер. Бұл адамдар бюджеттен ештеңе ұрлаған жоқ, оффшорларда яхталар мен жеке ұшақтарды жасырмайды. Мыңдаған кәсіпкерлерді қорқытып, барлық азаматтардың карталарынан жасалған транзакцияларын бақылаудың орнына миллиардтарды ұрлайтындармен айналысқан дұрыс шығар?

Жаппай кәсіпкерлік қағазда қалмай, шындыққа айналуы үшін – шағын бизнеске кассалық салық салудан және ҚҚС шегін төмендетуден бас тарту керек және оны барлық жерде жүктелген салық салумен, яғни патенттермен ауыстыру қажет.

Салық органдары бір жыл ішінде кафе немесе шеберхана қанша төлеуі керек екенін тағайындаған кезде, кәсіпкер мемлекеттен мұндай патентті сатып алады да, содан кейін ешкім бұл бизнеске қол тигізбейді, оны тексерулерімен, есептерімен және айыппұлдарымен қайтармайды, кассалық чектерді ашық деректермен тексермейді. Егер біреу онда қосымша 5 немесе 500 теңге табатын болса, бұл маңызды емес. Осылайша, миллиондаған адамдар тыныш және бюрократиясыз өз ісін ашып, отбасын асырап, басқаларға жұмыс бере алады. Кедейлікті азайту деген осы.

Осы шешімнің өзі - шағын және микро бизнестің патенттерге толық ауысуы – жұмыспен қамту бағдарламасы әлі жүзеге асыра алмаған жұмыс орындарын ашады. Дегенмен осыған дейінгі бағдарламаларға миллиардтаған қаражат жұмсалды, олардың едәуір бөлігі жай ғана тонауға ұшырады.

Патенттер арқылы нағыз жемқорлар мен олигархтарды ұстап, елге халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша 160 млрд. долларға тең ұрланған қаражатты немесе Қазақстанның бүкіл жылдық ЖІӨ-ін қайтаруға тиіс салық қызметкерлерінің үлкен тобы босатылады. Міне, бюджет кірістерінің резервтері,Үкімет пен фискалдар шағын және орта бизнесті жоймай, өздерінің принциптілігін көрсетуі керек.

Айта кетейік, өткен жылдың 26 мамырында «Ақ жол» фракциясы Үкіметке Грузияның табысты реформаларының үлгісі бойынша «Экономикалық еркіндік актісін» қабылдауды ұсынған болатын, онда нақты шаралар арасында ШОБ-қа салықтық қолдау туралы ақпарат көрсетілген.

Өкінішке орай, шенеуніктер бізді естімеді. Сол мәселені бүгін естиді деп үміттенеміз.

**Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары**

# ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫНДА ЗАРДАП ШЕККЕН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ НАҚТЫ КӨМЕК ҚАЖЕТ

**Мәжіліс депутаты Ерлік Өмірғали «Ақ жол» демократиялық партиясының парламенттік фракциясы атынан ҚР Премьер-Министрі Ә. Смайыловқа депутаттық сауал жолдап, қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерге құрғақ уәде емес, қолдау керектігін айтты.**

Тәуелсіздік тарихындағы бұрын-соңды болмаған, адам шығыны көп қаңтардағы қайғылы оқиға бүкіл елге үлкен зиян келтірді. Орасан шығынға кәсіпкерлер де тап болды. Мысалы, ALSER, Белый Ветер, Sulpak Mi.com.kz, Satel дүкендер желісі және басқа да кәсіпкерлер шығындар туралы дәлелді базасы бола тұра, банктердегі қарыздарға қатысты төлемдерді жабу, сондай-ақ салықтар, жеткізушілер мен сақтандыру полюсі барларға қатысты мәселелер алаңдатады. СОО және басқа жылжымайтын мүлік иелері және олардың жалға алушылары қысқа мерзімде өздерінің кәсіпкерлік қызметін қалпына келтіруге ұмтылуда, алайда ғимараттың инфрақұрылымы (электр кабельдері, су құбыры) зақымдалды, бұл жөндеу жұмыстарын қиындатуда.

Алдын ала есептеулер бойынша шығын сомасы жүздеген мыңнан бірнеше миллиард теңгеге дейін өсуде.

Көптеген адамдар үшін шығындар толық банкроттықпен және өмір бойы қарызға жұмыс істеу перспективасымен теңеседі. Қазіргі уақытта оларға қандай да бір сараптама мен іс-қимыл алгоритмдері қажет екенін түсіндіруде, бірақ ешкім бұдан әрі не болатынын және бизнесті қалай сақтау керектігін нақты білмейді.

Бизнес қауымдастық келесі мәселелерге алаңдайды:

1. Қарыздары бар адамдардың төлемдері бойынша мәселе.

2. Өнім берушілер алдындағы тауарды төлеу міндеттемесі мәселесі.

3. Салықтар бойынша сұрақтар. Бұл шоттарға тікелей төлем немесе қандай да бір салық жеңілдіктері бола ма? Жоғалған активтер сомасына ҚҚС төлеуден босату немесе тағы басқа жеңілдетулер болуы мүмкін бе?

4. Сақтандыру төлемдерінің мәселесі - сақтандыру компаниялары келтірілген залалды өтейді деп мәлімдегендер бар; сонымен бірге, бизнеске «сақтандыру саяси тәуекелдер мен форс-мажорды өтемейді» деп жауап берген жағдайлар көп.

Кешіктірудің әр күні кәсіпкерлер үшін жаңа шығындар мен жаңа мәселелерді көбейтеді. Түрлі уәделерге қарамастан, бизнес әрі қарай не істеу керектігін толық білмейді. Көптеген кәсіпкерлердің жеткізушілермен шарттық міндеттемелермен және жақын арада өтелуі тиіс төлем шарттарымен қолдары байланған. Бірақ жай ғана тоналған тауар үшін қалай төлем жасауға болады?

Бұл күндері ҰКП-ның атына көптеген сын айтылып жатыр, ол кәсіпкерлерге практикалық көмектің орнына кәсіпкерлік басқармалары мен құқық қорғау органдары оларсыз жинайтын залалдың қандай да бір статистикасын жинауда. Олар форс-мажор туралы анықтама беруде, алайда ол Азаматтық кодекстің 374-бабына сәйкес ақшалай міндеттемелерге қолданылмайды, демек мұндай анықтамалардың пайдасы аз. Қазір кәсіпкерлерге анықтама емес, сақтандыру компанияларына қойылатын талаптар қажет – түрлі сылтау ойлап тапай, бизнесті жедел құтқару керек. Әйтпесе, ол сақтандыруды сатып алған кезде не үшін ақша төлейді?

Үкіметке қойылатын талаптар қажет - мемлекет әрқашан қауіпсіздікке жауап беруі керек, бұл азаматтардың мемлекетпен қоғамдық келісімінің негізі. Мәселені тек салықтармен ғана емес, сонымен қатар Президент айтқандай, біздің қалаларымызға жасалған шабуылды «қалыс жіберген» мемлекеттік органдардың кінәсінен туындаған басқа да міндеттемелермен шешуде көмек қажет.

Иә, банктер мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұл есептемейтінін және ТЖ кезеңінде кредиттер бойынша мерзімін ұзартатынын хабарлады. Ал төтенше жағдай аяқталды. Бірақ бизнес қалпына келтіру бойынша жұмыстар басталған жоқ, ал бұзылған нысандардың жұмысшылары әлі кіріс ала алмай отыр.

Баяндалғанның негізінде мыналарды ұсынамыз:

1. Қаржы мониторингі агенттігі барлық банктер мен микрокредиттік ұйымдарды кейінге қалдыру аяқталғаннан кейін ағымдағы төлемдерді ұлғайтпау үшін қарыз мерзімдерін ұзарта отырып, заңды тұлғалар үшін де, жеке тұлғалар үшін де кірістерді жөндеу және қалпына келтіру үшін барлық қарыздарды 90 күнге кейінге қалдыруды міндеттеу.

2. Дәл сол себептермен және дәл осы мерзімдер бойынша салықты кейінге қалдыру.

3. Террордан зардап шеккен үй-жайлар мен тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге пайызсыз несиелер беру туралы мәселені пысықтау.

4. Бас прокуратура мен қаржы нарықтарын реттеу жөніндегі агенттік сақтандыру компанияларымен дауларда кәсіпкерлерді қорғауы қажет, өйткені сақтандыру компаниялары кәсіпкерлер тарапынан жасалатын тұрақты төлемдерге қарамастан сақтандыру төлемдерін төлеуден бас тартуда.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**



# ӨРТЕНГЕН КӨЛІК ШЫҒЫНЫН КІМ ӨТЕЙДІ?

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Александр Терентьев өртенген сақтандырудағы автокөліктер шығыны қалай өтелетінін түсіндірді.**



«Қазақстанда тәртіпсіздік кезінде несиеге рәсімделген көптеген автокөліктер өртенді. Адамдар оның несиесін төлеуді жалғастыру қажет пе деген сұрақ қойып жатыр. Зардап шеккендердің сақтандыру полисінде «Терроризм актісі» тармағы қарастырылмаған, сондықтан келтірілген залалды кім өтейді?», – деген сауалға жауап берілді.

«Несиеге алынған барлық автомобильдер сақтандырылған. Әрине, әрбір шартты жеке-жеке қарастырып шығу керек: қандай ерекше жағдайлар көрсетілген, төлем жасауға қандай негіздер бар? Сондықтан агенттік сақтандыру компанияларымен бірлесіп, сақтандыру қажеттілігі туған барлық сақтандыру полюсі бойынша төлем жүзеге асырылуы үшін жан-жақты шаралар қабылдайды», – деп түсіндірді Александр Терентьев.

Төлем жасалмаған жағдайда сақтандырылушы азамат сақтандыру омбудсменіне және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгіне алады. «Тұрғындардың әрбір өтініші қаралатын болады», – деді А. Терентьев.

# «КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ» ҚОРЫ КӨМЕККЕ КЕЛЕДІ

**Алматыда жаппай тәртіпсіздік кезінде жоғалған мүліктің құны мемлекеттік бюджеттен немесе «Күшіміз бірлікте» қорынан өтеледі. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров хабарлады.**

Әкім орынбасарының айтуынша, залалды өтеу жоғалған мүліктің құнын төлеу немесе зардап шеккен адамдарға тиесілі бүлінген мүлікті қалпына келтіру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Жоғалған мүліктің құны мемлекеттік бюджеттен немесе «Күшіміз бірлікте» қорынан өтеледі. Сонымен қатар, оның мөлшерін өңірлік және Қордың комиссиясы айқындайды.

«Жергілікті атқарушы органдар мен Қор қызметтерді көрсету үшін бағалау және аудиторлық компаниялардың тізбесін алдын ала айқындайды және тізбені интернет-ресурста орналастырады. Бұл ретте мүлікке бағалау мен аудит жүргізуге, смета жасауға және бүлінген мүлікті қалпына келтіру шығындарын калькуляциялауға байланысты қызметтерге ақы төлеу әкімдікке немесе Қорға жүктеледі», – деп атап өтті Ілияс Өсеров.

Мүлік құнын өтеу мөлшері мүлікті қалпына келтіру үшін қажетті шығыстар мен арзандату мөлшерін негізге ала отырып анықталады. Алматы әкімінің орынбасары жылжымайтын мүлікті жөндеу шығындарын сметамен немесе оны қалпына келтіру шығындарының калькуляциясымен растау қажеттігін атап өтті.

Көлікті айдап әкету жағдайларына келетін болсақ, олар 2022 жылғы қаңтардағы жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде жойылып кеткен көліктерді қоспағанда, қылмыстық заңнама шеңберінде тергелуде.

# ЗАРДАП ШЕККЕН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ПАЙЫЗЫ ТӨМЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

**Жаппай тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен алматылық кәсіпкерлерге «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының кепілдігі немесе жартылай кепілдігі арқылы 12 ай мерзімге жылына 2%-бен 10 млн. теңгеге дейін несие беріледі. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев айтты.**



Алматыны одан әрі дамыту жөніндегі қалалық актив отырысында қала әкімі бүлік кезінде зардап шеккен бизнес өкілдерін қолдау үшін қалалық «Алматы бизнес-2025» бағдарламасына бірқатар өзгеріс енгізілетінін жеткізді.

«Зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау мақсатында 2%-ы кредит тағайындалады. Шекті сомасы 10 млн. теңгеге дейінгі кредиттің мерзімі 12 ай. Сондай-ақ Infokazakhstan.kz порталына жүгінген кәсіпкерлердің кредиті мен өсімпұлы 180 күнге дейін шегеріледі. Бүкіл кәсіпкерлерді қолдау мақсатында жарты жылға дейін кредит берудің жоғары шегі сақталады. Оған қоса кепілсіз кредиттің жылдық мөлшерлемесі төмендейді, яғни 12 пайыздан 9%-ға дейін», – деді Бақытжан Сағынтаев. Бұған дейін ол Алматыда зардап шеккен кәсіпкерлер 3 ай коммуналдық қызмет ақысын төлемейтінін айтқан болатын.

# АЙҒА ШАҒЫЛЫСҚАН

## немесе КЕНЕСАРЫ ТҰЛҒАСЫНА

**Қазақ халқының ең соңғы ханы, қаһарман қолбасшы Кенесарының қайшылықты тағдыры көпшілікке аян. Биыл ел азаттығы жолында мерт болған осынау ғажайып бабамыздың туғанына 220 жыл толады. Ал оның жарық дүниемен қоштасқалы бері де 175 өтіпті. Бұл сол бір азалы тарихи сәттердің өкініш уытын тарқатып, саябыр тапқызатындай-ақ уақыт сияқты. Бірақ халқы айға атылған арыстандай, азаттық жолындағы қан майданда азулы жауларының жағасын жыртып барып көз жұмған жаужүрек ұлын елегізіп әлі күтеді. Ел намысын өз абырой-ұжданындай көретін тарихшыларымыз бен археологтер... жазушысы мен журналисі бар... ұлтжанды ғазиз ағайындарымыздың жан сыздатып, атақты аталарына қатысты ақиқат пен оның сүйегін сабыла іздемегені кемде-кем. Бұған дейін де аталған бағытта біз білетін... Білмейтініміз қаншама... Небір жорықтар жасалғаны анық. Біз де сол «сүрлеуге» біршама түсіп, талай жол шиырлаппыз...**

Қырғыз жеріне бағытталған сондай кезекті сапардың бірінде жолшыбай Қордай батыр зираты тұсында тізе бүгіп, тәу еттік.

Біраз отырып енді аттана бергенімізде Қазақ радиосы кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын әділетсіздікпен сахнадан алып тастағаны баяндалатын «Құсни хат» хабарын бастады. Бағдарлама авторы өзім едім. Осыны аңдаған жүргізуші автокөлік радиосының дауысын қатайтыңқырап қояды. Қасымда отырған серіктерім «Мұны осынау күнге арнайы даярлаған-ау!» дегендей жүзіме таңырқай қарайды.

Шынын айтқанда, хабардың дәл осы сәтке сәйкес келгені өзім үшін де тосындау жәйт еді. Бұл әдейі әзірленген емес, кезекті жұмыс үдерісінде жазылған қатардағы дүние болатын. Бірақ оның дәл осы күні берілуі кездейсоқ емес-ау деп, жақсылыққа жорыған келді.

Наркомпрос «Хан Кенені» сахнадан алып тастау туралы шешімін «Пьеса қазақ халқының патшалық Ресеймен күрес тарихын дұрыс көрсете алмаған. Сондықтан оған бірқатар түзетулер енгізу керек» деген желеуге негіздеген екен. Спектакльге алғашқы қойылымынан соң-ақ тыйым салынуы бірқатар қазақ зиялыларын қатты күйіндіреді. 1934 жылы мамырдың жетісі күні сол солақайлыққа сәйкес Ғабит Мүсірепов ВКП (б) Өлкелік Комитетіне, Левон Мирзоянға хат жолдайды. Сөйтіп: «...это неверное в корне требование. Пьеса построена (и правильно) на других рельсах, именно – она претендует на показ падение ханства и его последние отчаянные попытки восстановить уже развалившиеся к тому времени ханства. Исправление пьес нужно требовать исходя именно из этого положения» – деп, «Хан Кенені» қалайда қорғап қалуға әрекет жасапты. Бірақ, Ғабеңнің жандауысына ешкім құлақ аспаған сияқты.

М.Әуезовтің алғашқыда алдымен «Абылайға» кіріссем бе, жоқ, «Абайға» отырсам ба, деп бірталай толғанғаны белгілі. Демек, о кісі Кенесары қозғалысы тарихын жетік білген. Пьеса сонау бастапқыдағы ниеттің шағын ғана жемісіндей көрінеді. Және Мұхаң осы арқылы белгілі тақырыптың қалай қабылданатынына барлау жасап байқады ма екен деген де ой келеді.

Жалпы, Кене хан күресіне кеңестік жүйе кезінде әділ баға беру мүмкін болмағаны түсінікті. Кеңестік жүйе дейміз... Патшалық Ресей тұсында бұл бағытта қалам тербеу тіптен қиынға соққандай екен. Айталық, төрткүл дүниеге мәшһүр Жюль Верн Кенесары аса айбарлы хан бейнесінде кескінделетін «Патша шабарманы» романының атын кейінірек амалсыздан «Михаил Строгов» деп өзгертуге мәжбүр болыпты. Бұл жөнінде орыс қаламгері Дмитрий Тихонов «Неизвестный «русский» роман Жюля Верна «Михаил Строгов», кроме нас, знает весь мир» аталған мақаласында былай дейді: «Патша шабарманы» кейбір ойдан шығарылған қисынсыздығына қарамастан Тургеневтің қолдауына ие болды. Шығарманы алғаш Этцельдің Ресейде кең тарайтын «Учеба и отдых» журналына жариялау жоспарланған. Алайда Этцель романға цензура тыйым салады-ау деп қауіптенді. Мұны Париждегі елгі Орловпен кеңескен Тургенев те ескерткен болатын. «Князь Орлов сізді ықыластана қабылдағалы отыр. Бірақ романның император кеңсесіне қатысы болғандықтан, жарық көре қоятынына күмәнмен қарайды» дейді ол басылым иесіне. Айтқандай-ақ, Этцельмен кездескен князь шығарма тақырыбын өзгертуді ұсынады. Осылайша, «Патша шабарманы» «Михаил Строгов» деп өзгертілді де, осы тақырыппен бүкіл әлемді шарлап кете барды. Францияда аса сәтті қабылданған роман бір ғана 1876 жылы үш мәрте қайталанып басылды. Ал Ресейде роман тағдыры күрделілеу болды: оның үзіпжұлған аудармасын баспагер Иван Сытин арада ширек ғасыр өткенде – 1900 жылы зорға жариялады. ...Роман оқиғасын, шамамен, XIX ғасырдың екінші жартысына жатқызуға болады. Жюль Верн Ресей тарапынан келетін ықтимал келеңсіздіктен қашып, император атын атамайды».

Міне! Сөйткен тақырыпты қылышынан қан сорғалаған кейінгі жүйе қазақ жазушысына қайдан жазғыза қойсын!

Жоғарыдағыдай жазбаларға қарап отырып, кейбір сонау «биіктегі» астамшыл қаламгерлердің біз туралы танымтүсінігінің бір-ақ уыс екенін көріп қайран қаласың. Дм.Тихонов аталған мақалада: «...Бұл детективті, қым-қуыт шырғалаң мен қасиретке толы оқиғалар «Ресей қарауындағы тұтас Сібірді жаулауға қауіп төндірген Түркістан аймағы көшпенділерінің арасында бұрқ еткен көтерілістен» басталады. Әлбетте, бұл жерде француз жазушысының қиялына еремiз, өйткені Сібірде көшпенділер ереуілі ешқашан болған емес, оларды Жюль Верн шатасып, біресе татар, біресе бұқарлықтар, біресе қырғыз дейді... Айтпақшы, роман осынша көзге ұрған баландығы мен ойдан шығарылған «тарихилығына» қарамастан, зор сұранысқа ие болып отыр. 1955 жылы Монако «Михаил Строгов» романы мұқабасының суретімен марка шығарды. Кейін бұл үлгіні Никарагуа, Мальдив аралдары, Антигуа, Франция, тіпті, шағын аралдық Невис мемлекеті жалғастырып әкетті. Францияда роман желісі бойынша екі көркем және бір телевизиялық фильм дүниеге келді. Қызық болғанда, телефильм көрсетілгеннен кейін бір фирма кейіпкерлер бастан кешкен қиындыққа еліккені сонша, строговтық «тарихи» орындарға туристік саяхат жасауға құлшынды. Демек, Ресей бүкіл әлем үшін Жюль Верн тұсында ғана емес, қазірдің өзінде жұмбақ күйінде қалып отыр. Міне, біздің жағдай»,– деп бір кетеді.

Сонда бүкіл әлемге жұмбақ болып тұрған Ресей ме, жоқ, патшалық Ресей сияқты алпауыт мемлекетпен коса Қоқан, Хиуа хандықтарымен арпалысып өткен қабылан жүректі Хан Кенедей ұлды дүниеге әкелген Қазақ елі ме?!

Кейде біздің бұл жағынан да әлі күнге дейін осылайша әділетсіздік көріп келе жатқанымыз көңілге кірбің ұялатпай қоймайды. Ең жаманы, әлгіндей сыртқы жұрт көп жәйтті білместікпен өзіне телісе, төл тарихтан хабарсыз болғандықтан, біздің өзіміздің де шатасып жататын кездеріміз аз емес. Өйткені, көбінесе жоғарыдай «түпнұсқаларды» басшылыққа алып дағдыланғанбыз...

Кекілік Сеңгір, Майтөбе, Алмалы дегендей ұғымдарды мүлде естімеген орыс жазушысының «туристический маршрут по строговским «историческим местам» – яғни, «қиялдан шығарылған орындар» деп мысқылдайтын «жер бетінде жоқ» жолдармен жүйткіп келе жатқанда қиялың шартарапты шарлап, Хан Кене даңқының асуына ең алдымен оның кезіндегі сол қас дұшпандарының өзі себепкер болғаны туралы толғанасың. Кенесарымен шарпысқан орыс генералдары кейін жоғары әскери оқу орындарында Даланың таңғажайып соғыс тәсілдері туралы, Кенесарының қолбасшылық тапқырлығы жайында, осынау «Қара құйынның» бірде сақ етіп аяқ астынан пайда бола кетіп, одан ес жиғанша жым-жылас қайта жоғалып, тағы бір мезетте жай отындай жарқ етіп және көрініп... бақайшағына дейін қаруланған тұрақты әскерді ит-әуреге салатыны жөнінде тамсанып лекция оқыған. Сондай-ақ революцияға дейінгі орыс тарихшылары да қаншалықты жауыққанымен, Кенесарыдай сұлтанның биік парасатын, ересен қабылет-қарымын, көзсіз ержүректігін еріксіз мойындайды.

Хан Кене туралы ең алғаш жазғандардың бірі, орыстың әскери тарихшысы, Орынбор қаласының мэрі Н.Середа: «Дала құйынындай сұрапыл, ересен екпінді Кенесары қолы жортуылда да, ешбір қамал алдында да тосылуды білмейтін. Қайта, ондай бөгеттер қайсар ердің жігерін қайрай түсетін, ұшқыр қимылын қияға самғатып, мақсатына жету жолында кездескен кедергілерді қаһарлана жапырып, талқандап жіберетін. Көшпенділер Кенесары бойындағы осындай қасиеттерді жоғары бағалап, оған деген шексіз сүйіспеншілікпен қарап, адал жүректерін ұсынып, жан пида етуге даяр тұратын. Кенесары өз сарбаздарының кемеңгер көсемі бола білді. Оның жасақтарының лапылдаған биік рухына еуропалық қолбасшылардың қайқайсы да қызғанышпен іштері күйе қараған болар еді. Осы бір аса дарынды тұлға өзгеше тәрбие алған жағдайда одан теңдессіз мемлекет қайраткері шығатыны күмәнсіз еді» дейді. (Дүние жүзі оқырмандарына кең танымал, ұстанған бағытына байланысты талай-талай ғылыми дессертацияларды жариялап отырған «Вестник Европы» журналы 1870 жылы Кенесары ерлігіне бірнеше санын арнаған екен. Ол еңбектердің авторы – осы атақты тарихшы Никита Середа).

Ал Қазақ даласында жеті жыл өмірін өткізіп, «Орта Азия мен Батыс Сібір» (1857 ж.) «Амур бойына саяхат» (1860) деген еңбектер жазған ағылшындық Т.Аткинсон: «Кенесарының өзі көзсіз батыр, ұландары арасында шексіз беделді болатын, оған олар Құдайдай табынатын, хан қатал тәртіпке мойынсұнбайтындарды аямайтын, оларды өлім жазасы күтетін. Өзі жаумен кескілескенн айқастарда ұран салып, айбалтасы жарқылдап, соғысқа бірінші кіретін. Бұл жігіттерге сенім беретін, оның көптеген бастамасының баянды болуына негіз қалайтын... Кенесарының батыл шапқыншылығынан тек қырғыздар ғана емес, өздерінің қоныстарының шебінде отырған орыстар да қатты сескенетін... Кенесары – қазақтардан тамаша жауынгерлер даярлайтын. Найза мен айбалтаны ғажайып игерген, шапшаңдықтары көз ілестірмейтін Кенесары жігіттері өздерінен қалың жау әскерімен тайсалмай соғыса беретінін мен талайлардан естідім. Егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскерлерін құрар еді. Оларға тарихты даңққа бөлеген Шыңғысхан жаһангерлерінің барлық тамаша қасиеттері тән болатын» – деп жазады...

Ал орыс армиясының генералы В.Потто Кенесарыны сайын даланың жеңілуді білмейтін сайыпқыран қолбасшысы, қырғыздың Шәмілі, Дала көкжалы деп атаған. «Түркістан тарихының» авторы Н.Павлов: «Кенесары өзінің бітім-болмысында қажымайтын-талмайтын Дала батырларының типіне жатады: ол,



тегінде, аса ірі дарынның адамы болса керек. Дала перзенттерінің «жыртқыштық» бостандығын сақтап қалу Кенесарының ұраны болды. Кенесары өзінің ақтық демі біткенше Ресейдің қас жауы болса да, мен оны «Түздің соңғы батыры» деп атасам, өз Отанымның алдында күнә жасадым дей алмаймын!» деп ағынан ақтарылады.

Сол секілді XIX ғасырдың соңында Кенесары көтерілісі жөнінде еңбектер жазған орыс ғалымдары М.Красовский, Э.Мейер қазақ ханының әскерді ұйымдастыру бағытындағы нәтижелі істері, оның ғажайып ерліктері жөнінде тамаша ойлар айтқан. Бұлардың айтуынша, Кенесары әскеріндегі тәртіпке кез-келген шет ел қолбасшы таң қалар еді. Бұлардың Кенесарыны ерте және жаңа заманның белгілі қайраткерлерімен салыстыра сипаттауы ханның биік бейнесін жарқырата түседі.

Әскерін мылтықпен, зеңбірекпен жабдықтаса да Кенесарыға керемет қаруланған



# АЛДАСПАН

## ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

қатал тәртіптегі тұрақты орыс әскерімен арпалысу аса қиынға соққаны, оның қолбасшылық өнері, сарабдал саясаты арқасында көтерілісшілердің отаршылармен он жыл бойы табан тіреп соғысуы шын мәніндегі үлкен ерлік екені лайықты бағаланды...

Осылайша қаһарман атамыздың атағы Еуропаға, негізінен, орыс журналдары арқылы жайылады. Біздіңше, Кенесарыдай таптырмас «романтикалық» кейіпкер іздеген Жюль Верн сол басылымдарда жарияланған очерктер бойынша, сондай-ақ жылы Адольф Янушкевичтің 1861 жылы Парижде басылған күнделіктеріне сүйене отырып ханның қимыл-әрекетін ыждаһаттана зерттеген секілді. Сол себептен де шығарма әлгінде айтылатындай соншама «қиялғажайып» емес, оқиға желісі мен жер жайы, ұлт атауларының шындыққа мейлінше орайласатынын аңдаймыз. Айталық, Кенесары әскерінің құрамында казактармен қатар патшалық Ресей отаршылдығына қарсы шыққан поляктар мен орыстардың, татарлар мен башқұрттардың, тіпті, бұдан да басқа ұлт өкілдерінің болғанын атақты француз жазушысы жақсы білсе керек. Және оның азаттық жолында арпалысқан елдерге мейлінше бүйрек бұрғанын байқаймыз. Мәселен, қаламгер француз отаршылдарына қарсы шыққан Алжир халқына қолдау көрсеткен. Ал Янушкевич өз күнделіктерінде осы көтерілістің көсемі Әмір Әбділқадырды Кенесарыға теңейді...

(Еске түскенде айта кетейік, Жюль Верн романында бас кейіпкердің Феофар-Хан деп аталған. Орталық Қазақстан аймағында «бейапар» деген сөз бар. Бұл мазасыз, қатигез, қатал адамдарға қатысты айтылатын ұғым. Кейде осы диалектінің анау кейіпкер есіміне қатысы жоқ па екен деген де ой тумай қалмайды. Қ.М.).

Әйткенмен, «Шамның жарығы түбіне түспейді» дегендей, бүкіл әлемді тамсантып, Хан Кене қимылына негізделіп жазылған әлгіндей тартымды шығармалардың өзімізге жете бермегені өкінішті. Бір жақсысы, Кенесары ерлігіне байланысты халық ішінде тараған аңызәңгімелер жетерліктей. Әлихан Бөкейхановтың «Бұл жағынан алмас қылыштай жарқылдаған Кенесары даңқы, тіпті, айбынды атасы Абылай хан даңқынан да асып түсті» деуі бекер емес.

***

Кенесары әскерінің әбжілдігі өз алдына, оның жасағына нашар ат мінгізбейтіні туралы аңыз тараған. Өйткені, жаугершілік жағдайындағы көп жәйттің сәттілік сыры тікелей астындағы атыңа байланысты. Соны жақсы білген сұлтан әр түкпірдегі тәуір атты арнайы қадағалап, оны қайткенде қолға түсіруге ұмтылады. Және жылқы тұқымын сұрыптап, өсіру ісіне ертеден-ақ ден қойған. Хан мұнымен бірге мақсатына қарай жеңіл және ауыр атты әскер сапын ұтқыр саралауға ерекше мән берген екен.

Әуелгіде Кенесарыны лайықты бағалай алмай, әшейін даланың жабайы қара күшімен арпалысып жүрміз; ертең оп-оңай қалпақпен ұрып аламыз деп ойлаған Ресей генералдары өте әккі, аса айлакер, дана қолбасшымен, сұңғыла саясаткермен тәжікеге түскенін де соңыра бір-ақ аңдайды.

Бармақ шайнайтындай-ақ бар; мысалы, казак-орыс офицерлері әумесер санаған Кенесарының жау арасындағы жансыздары мен барлаушылары патша әскерінің саны, кару-жарақ есебі мен әрбір қимыл-әрекетін күнібұрын біліп, жеткізіп отырады. Олардың өзінің жол бағытын жалған көрсетіп, ылғи адастырып жіберіп, әуреге салып қоюы Кенесары үшін түкке тұрмайды. Ханның шағын ғана жылжымалы атты әскері шапшаң қимылдап, соққы беру, қорғаныс жасау сияқты міндеттерді қажетіне қарай бірдей атқарады. Бетпебет ұрыстан қашқақтайтын Кенесары үнемі күтпеген тұстан және жаудың ең осал жерінен тиіп, қатардың таса-талқанын шығаруға аса шебер болған. Ойда жоқта бықпырт тигендей болған тұрақты әскер күйреп, зор шығынға ұшыраған соң қансырап, әбден титықтап, Орынбор мен Омбыға қайта оралудан өзге шарасы қалмаған. Осындай сардары да, сарбазы да сайма-сай мұндай адаммен қалай санаспассың. Міне, Сібір үкімет басшыларын тәубесіне түсірген ханның осындай әрекеттері. Олардың мұны мәмілеге шақырып, хаттар жазатыны да сол себептен болса керек.

Кенесарымен алғаш болып тіл табысуға ұмтылғандардың бірі – генерал-губернатор Василий Перовский. Бұл, өзі, әйгілі Пушкинмен, Жуковскийлермен тең дәрежеде пікірлесетін, парасатбілігі жоғары, өте білімді жан көрінеді. Осы жандарал Кенеханға түрлі ұсыныстарын айтып, көп хабарласады. Мұндай кісінің қазақ ханын мойындап, жоғары бағалай бастауы талай жәйтті аңғартады. Сұлтан да оған ел азаттығына қатысты нақты талаптарын қойып, хат жіберіп отырған.

Жүрегі оттай лапылдаған, асқан патриот Кенесары сұлтанның жеке қасиеттеріне үңілсек, оның әуелден қара қылды қақ жарған әділетті қолбасшы екенін аңдаймыз. Мұнымен қатар тұрақты әскер қалыптастырып, оны мобильді жағдайға жеткізіп, бір қолға бағындыру нағыз кемеңгер көсемнің қолынан ғана келетін іс екені аян. Сол секілді Кенесарының дипломаттық шеберлігі де әлі талай түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Кенесарының бір кемеңгерлігі – ол алғашқыда ешкіммен ашық шайқасқа бармай, арадағы кикілжіңді парасатпен, келіссөзбен шешуге ұмтылады. Оның өз қарауындағы орыс әскери тұтқындарына адамгершілікпен қарауы, Герм мен Долговтың елшіліктерімен теңбетең дипломатиялық келіссөз жүргізуі де Хан Кененің айрықша саясаткерлігіне жатады.

Мысалы, сұлтан Перовскийге жолдаған сәлемінің бірінде: «Ұлы патшамыздың әкесі Ақ патша марқұм (Павел Бірінші айтады) атамыз Абылай ханға зор кеңшілік көрсетіп, әркім өз жеріне ие, орыс пен қазақ арасында сауда ашылып, керуен жүрсін, әркім өз кәсібімен шұғылдансын деп уәде берген еді; сөйтіп патша ағзамның қанатының астында біраз жыл тыныш тұрған едік. Қазіргі патша ағзамның тұсында атамыз Абылайдан бізге мирас болып қалған Есіл, Нұра, Ұлытау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Оқият, Тоғызақ төңірегінен түу сонау Жайыққа дейінгі жерлердің бәрі бізден тартылып алынып, оларға бекіністер салынды. Бұрынғы патшалардың біздің жерімізді алайын десе, өлшеуге арқаны, бекініс салайын десе ағашы, зорлық қылайын десе күші жетпеді дейсіз бе? Күші де, мүмкіншілігі де бар еді, бірақ олар әділетті болды! Енді біздің жерімізді күн құрғатпай басып алып, бекіністер орнатып жатыр, сөйтіп халықты ашындырып барады. Бұл біздің болашағымызға ғана емес, тіпті, қазіргі өмірімізге де зор қауіп төндіріп отыр!» дейді.

Осындай мазмұндағы жазбалардан-ақ азат елдік мұратты діттеген сұңғыла саясаткер, дарынды әскербасы, көрнекті қайраткердің шебер мәмлегерлігі де айқын көрініп отырады. Бір жағынан Ресей отаршылдығы, екінші жағынан Қоқан мен Бұхар хандықтарының қолында быт-шыт болып кеткен қазақтың басын біріктіруге ұмтылған хан Қырғызға жорығында да сондағы манаптарды Қоқанға бірлесе қарсы тұрып, Ресей экспансиясына тізе қоса тосқауыл қоюға шақырмақшы еді. Бастапқыда қырғыздармен қанды арпалыс бастағысы келмеген Кенесарының осы елдің белді билеушілері Орман мен Жантайға салауат жариялауы да қазақ ханының білікті саясат жолын аяғына дейін ұстағанының бір дәлелі. Қырғыз хандарына жазған хатында ол: «Солтүстіктен орыстар қысып барады. Егер оған жерің мен мал-мүлкіңді таратып, балаларыңды соның әскеріне берсең тату-тәтті тұра бересің. Шығыстан шүршіт (Қытай) бүре түсті. Олар ешкімді аямайды. Оңтүстіктен тиген Қоқан балашағаңа күн көрсетпек емес. Қарсылық көрсетсең өзіңді дарға асады» деп жазады. (Е.Бекмаханов, «Казахстан в 20-40-е годы XIX века; А, 1992). Тағы бір хатында былай депті: «Менің мұнда келу мақсатым – жауласып, қан төгу емес, қазақтар мен қырғыздардың күшін біріктіру. Сөйтіп, оларды қоқандықтардың қысымынан құтқару». (Е.Смирнов, «Султаны Кенисара и Садык», Изд. Сыр-Дар. Облстаткомитета; Ташкент, 1889).

***

Енді бір сәт Кенесары келбетіне қарасақ.

Ханның сырт кескінін қырғыздың ұлы тарихшысы Белек Солтоноев өз монографиясында былай бейнелейді: «Кене хан ашаң, орта бойлы, жуан мойынды еді. Оның жүзі қараторы, тартымды, көздері жалтылдаған бүркіттікіндей қызыл және делдиіңкіреген еді. Кішірек мұрты және қалың, сына тәріздес сары қоңыр сақалы бар. Ол аз сөйлейтін және өзін қаталдау, еркін үлкен бір бекзаттықпен ұстайды. Ол басына құндыз терісімен көмкерілген кішігірім тері тымақ киеді. Киімдерінің үстінен түйе жүннен тоқылған сұр шекпен жамылып, оның ішінен кәмшат терісінен тігілген тон киеді. Жейдесі мен шалбары ақ матадан қолдан тоқылған». (Солтоноев Б. Кызыл Кыргыз тарыхы-2. 150-б.)

Қырғыз еліндегі Кенесары – Наурызбай оқиғасын сол шайқасқа тікелей қатысқан жерлестерінің аузынан жазып алған көнекөз тарихшы Белек Солтоноев деректері өте бағалы зерттеу екені анық. (Қазақ пен қырғыз елдері тарихына қатысты аса құнды еңбек қалдырған осынау көрнекті тарихшының өз тағдыры да күрделі. Ол да біздің көптеген арыстарымыз секілді 1938 жылы халық жауы ретінде атылып кетеді).

Реті келгенде, жоғарыдағы Б.Солтоноев жазбасына біз де бір-екі ауыз сөз қоса кетейік. Кенесары атамыздың көк желкесінен құйымшаққа дейін созылған құлындікіндей әжептәуір қалың жалы болыпты. Сол сияқты ханның бір көзі қызыл да, екінші көзі жасыл екен...

***

Кенекеңнің ерлігі бір ерлігі – ол сол қиын кезеңнің өзінде саяси концепциясын қалыптастырып, мемлекеттік құрылыс жүйесін жасап шықты. Тағы бір ерекшелігі – елді азаттыққа бастаған қолбасшы мемлекеттік құрылысты монархия түрінде қалыптастыруға тырысты. Бір қарағанда, бұл санаға сыйымсыздау да болып көрінеді. Бірақ дәл сол кезде осы жүйемен дамыған Франция Еуропадағы ең ірі мемлекеттердің біріне айналған болатын. Абылай хан да осы жүйеге ұмтылған болатын.

Елге деген шексіз сүйіспеншілігі, халықтың азаттығы жолындағы табанды күресі, дербес мемлекет құруға ұмтылуы тарихымызда алтын әріптермен таңбаланған Кенесары өз саясатында ұлттық прогесшіл, демократиялық принциптерді ұстанды, өзі жасаған тәуелсіздік идеяны басшылыққа алды.

Дегенмен, телегей теңіз Кенесары тақырыбы әлі де талмай ізденуді талап етеді. Алысқа бармай-ақ өзіміздің Ұлттық Ғылым Академиямыз қорында біршама дүниелер жатқанын білеміз. Мәселен, Әлкей Марғұлан ағамыздың археологиялық экспедицияларға шыққан кездерінде ел аузынан жинаған төрт томдық еңбегі бар. Осы тұста мен бұл жайды бірінші болып көтерген әдебиетшілерімін екенін айта кетсек. Кейінде естігеніміздей, Кенесарыға байланысты көлемі отыз баспа табақтай еңбек ертеректе Қазақстан Жазушылар одағына тапсырылыпты... Ол қазір кімнің қолында...

Сол секілді Майтөбеде мерт болған боздақтардың есімдері де әлі түгенделіп біткен жоқ.

Ұлт азаттығы жолында мерт болған Кенесары туған халық көңілінің шырқау биігінде, ұрпақ жүрегінде жарқырап тұр.

Келешекте әдебиеттегі, тарихтағы, өнердегі Кене хан бейнесі жаңаша бір деңгейлерден сомдалатындығы анық.

**Құлтөлеу МҰҚАШ**

# ШЫНДЫҚ БӘРІБІР

**Белгілі публицист-жазушы Көлбай Адырбекұлы 1986-шы жылғы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі ұлттық интеллигенциямыз бен студент, жұмысшы жастардың патриоттық сезімін бейнелеудегі зерттеу материалдары мен қырық циклден тұратын «Казахское дело» зерттеулері үшін 2006-шы жылы Президент сыйлығымен марапатталған еді. Қаламгердің кейінде жарық көрген «Тамұқ», «Алты Алаштың ардақтысы», «Ауыл хикаялары» кітаптары да, ұшқыш, Совет Одағының Батыры Біліс Нұрпейсов ерлігі туралы повесі де қалың оқырман көңілінен шыққаны даусыз.**

**Көлбайдың мемлекет және қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов, Дінмұхамед Қонаев, Төлеген Тәжібаев, Асанбай Асқаров, Өмірбек Жолдасбеков, Өзбекәлі Жәнібеков өмірінен жазған туындылары да тағылымға толы.**

**Біз бүгін жетпіске толған осынау жазушы-журналисті мерейлі жасымен құттықтап, оқырман сүйсінер жаңа шығармалар жаза беруіне тілектестік білдіргіміз келеді.**

### АТА-АТАҒА БӨЛІНГЕНІМІЗ ДҰРЫС ПА?

– Біздің Жүзімдік ауылында бір Найман, бір Уак, бір Қыпшақ отбасы бар. Соңғы кезде екі Арғын отбасы келіп қосылды. Қалғандарының бәрі Сексен Байқара атаның балалары.

– Сексен Байқара қай руға жатады?

– Ысты руына жатады. Менің әкем көрші ауылдан көшіп келгенімен руы – Ысты. Өзім Жүзімдікте туып өстім. Мектепте суретті жақсы салдым.

– Суретшілік өнерің бар екен ғой?

– Бар еді. Бесінші сыныпта оқып жүргенімде «Батырлар жыры» құмартып оқыдым. Қобыланды батырдың Қазан батырмен айқасып-шайқасқан көрінісін түрлі-түсті қаламмен плакатқа үлкен етіп салдым. Сол суретімді сыныптастарым атынан мектебімізде ұйымдастырылған оқушылар шығармашылығына арналған байқауға қостым.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Жүзімдіктің жергілікті тұрғыны Ибадулла ағайым:

– Бұл суретті Көлбай салған жоқ. Мұны ол қайдан салады? Оған біреу салып берген, – деген желеумен маған орын бергізбей, тіпті атымды да аттатпай қойды. Ол кісінің неге олай еткенін түсінбей, аң-таң қалдым.

Оқу жылының аяғында сыныбымызда:

– Кім қандай мамандықты таңдайды? – деген тақырыпта пікірталас өтті. Мен:

– Суретшілік өнерді таңдаймын, – дедім.

– Суретші болу оңай дейсің бе? Ол үшін арнайы оқу орнын бітіруің керек. Сен қанша ұмтылсаң да суретші бола алмайсың, – деді Ибадулла ағайым тағы қақпайлап. «Е» дедім де қойдым. Ол кісінің сөзіне сеніп, іштен тындым. Не ойлағанын қайдан білейін.

– Баласың ғой?

– Иә. Қабілетің бар, дамыта бер, – деу орнына әлгіндей дегені көңілімді бәсейтіп тастады. Мақтанғаным емес, қара қаламмен, тушьпен Мұхтар Әуезовтің, Бауыржан Момышұлының, Асқар Тоқмағамбетовтың, Қасым Аманжоловтың, Құрманбек Жандарбековтің, тағы басқа да ақын-жазушыларымыздың, өнер адамдарының суреттерін кітаптардағы кішкентай суреттеріне қарап салып, мектебіміздің дәлізі қабырғасына қатар-қатар іліп қойғанбыз.

Мектебіміз жетіжылдық еді. Көрші Жамбыл атындағы орта мектепке ауыстық. Интернатта жатып, сегізінші сыныпта оқи бастадық. Ондағы мұғалімдер мені ерекше жақсы көріп, құрметтеді. Салған суреттерімді көріп:

– Ауылдан да осындай талантты суретші бала шығатынын біз білмеппіз. Білмек түгілі ойлап көрмеппіз, – десті таңырқап. Бұл сөзге жігерленген мен бояумен Жамбыл Жабаевтың үлкен портретін салдым. Қуанған мұғалімдер оны мектептің ең көрнекті төріне іліп қойды.

Кезінде Мұхтар Әуезовтен дәріс тыңдап, тәлім алған Кәрім Молдасейітов деген мектебіміздің директоры Жамбыл Жабаев портретін көргенде риза болғаны сондай, арқамнан қайта-қайта қағып:

– Сенен мықты суретші шығады. Мына еңбегің керемет! Жәкеңді айнытпай салыпсың, – деді мейірлене, толқи сөйлеп.

Оңашада ойға шомдым. «Е, мені Ибадулла ағай шеттеткен екен ғой. Ол кісі өз атасының балаларынан суретші шықпағанына іштей өкініп, мені қызғанған тәрізді деген тұжырым жасадым.

– Ол қарау, қорқау біреу ғой. – Көлбай менің сөзіме көңіл бөлмей:

– Ауылымызда Әділбек Шардарбеков деген бөлімше бастығы, кейін совхоз директоры болды. Совет үкіметі тарағанда өзінің атынан банк ашты. Ауылымыздың өмірінен «Өмір-өзен» атты кітап жазды. Мұның алдында ғана С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің студенті – мен «Оңтүстік Қазақстан» газетінде іс-тәжірибеден өте бастағанмын. Әділбек аға жөнінде мақала жариялап үлгергем.

«Өмір-өзенді» оқып көрсем, ағайындарының бәрін түгендеген,



менің әке-шешемнің, мектепте мұғалім болған әпкемнің аты жоқ. Газетте жарияланған мақаламды алып, Әділбек ағаға апарып бердім. Кабинетінде отырмыз. Мақаланы оқып қуанып қалды. Өзі жылдам оқиды екен.

– О, інім, мынаны жақсы жазыпсың, ризамын.

– Әдеке, сіздің «Өмір-өзен» кітабыңызды оқып шықтым. Ағайындарыңызды түгендепсіз, бізді бөтенсіпсіз. Ауылда мені ешкім бөлектеген жоқ еді. Әкем Жүзімдікте қырық жыл жылқышы болды. Совхоздың жылқысына қоса жекешелердің жылқысын да бақты. Оның ішінде сіздің әкеңіздің 3-4 жылқысы да бар еді. Анам егіс даласында тер төкті. Әпкем Жүзімдіктің балаларын оқытты. Шәкірттерінің бәрі қазір айтулы азамат атанды. Бізден не жамандық көрдіңіз? Кітабыңызда аттарын атай салу соншалық қиын болды ма? Сіз ел басқардыңыз. Ауылымызға кімнің қандай еңбек сіңіргенін білесіз, – деп едім, екі беті алаулап қызарып кетті. Сасып қалып:

– Мен сөйтіппін бе, сөйтіппін бе? – дей берді. Іле есін жиып, өзіне өзі келіп, үйіне телефон соқты. Әйеліне:

– Дастарқан әзірле, қазір үйге қонақ Көлбай барады, – деді.

– Үйіңізге бармаймын, қазір кетемін.

– Әй, Көлбай, менен кателік өтті. Келесі кітабымда сенің ата-анаң, әпкең туралы сөзсіз жазамын.

«Асығыс едім» дегенді сылтау етіп, үйіне бармай, кетіп қалдым. Атаға, руға бөлуді сол жолы білдім.

– Бұл өте жиркенішті, пасық, елдің бірлігін бұзатын тірлік. Атаға, руға бөлетіндер осындай жекелеген қызғаншақ, надан адамдар, – деген маған Көлбай:

– Сіздің пікіріңізбен толық келісем, жөні түзу адам «әй, менің бөлгенім елден ұят, естіген жұрт не дейді?» деуі керек қой, – деп қабағын шыта сөйледі. Соғыска катысқан Сәуірбай Бөриев деген кісі ауылымыздың агрономы еді. Өзі өте жұмыскер, тынымсыз адам болатын. Бидайы да, жүгерісі де, жоңышқасы да жақсы өнім беретін. «Оңтүстік Қазақстан» газетіне Сәуірбай аға туралы мақала жарияладым.

Бір күні жұмыс орныма Ибадулла ағай келді.

– Көлбай-ау, сен Сәуірбай құрдасым туралы жазыпсың. Енді мен туралы жазсаңшы? Сені мен оқыттым ғой. Ұстазың емеспін бе? – деді.

Жасы үлкен кісі ғой, «жарайды» дедім.

– Өзінің ағайындарының балаларынан суретші шықпаған соң сенің сурет салғаныңды көре алмағанын айтпадың ба?

– Айтпадым. Көре алмаса да сабақ берді ғой деген ойда кешірдім. Қатарынан қалып бара жатқанына қиналса керек. Ол туралы жазған мақалам да «Оңтүстік Қазақстан» газетіне шықты.

### «ӘПКЕМ ЖОЛЫНА ЖАНЫМ ПИДА»

– Көлеке, сенің шектен шыққан бауырмал, намыской екеніңді сезем. Әпкеңнің көңіліне тиген мұғалімді сабай жаздағаныңды біреулер айтты. Соны өз аузыңнан естісем деймін.

– Е, есіме дұрыс салдыңыз. Әпкем мектепте сабақ беретін. Бір мұғалім көңіліне тиетін қатты сөздер айтыпты. Үйге ебіл-дебіл жылап келді.

– Не болды? – дедім жүрегім атша тулап. Әпкем жауап бермеді. Анам:

– Пәленше деген мұғалім қатты сөз айтыпты, деді.

Мектепті сол жылы бітірген едім. Асығыс-үсігіс киініп, аяғымды асыға басып, мектепке жеттім. Күшім көп, мықтымын. 60-70 кило келетін дәу бір қапты иығыма салып алып, жарты шақырым шалғай үйіме бір демалмай апара беретінмін. Үлкен кісілердің:

– Әй, байқа, балам, жүгің ауыр. Денсаулығыңа, беліңе әсер етуі мүмкін, дегендерін тыңдамайтынмын. Оның үстіне күнде зілтемір көтеріп, әбден шыныққанмын.

Менің бір қап бидайды иығыма салып, үйіме қарай кетіп бара жатқанымды совхоз кеңсесіндегілер көріп:

– Көлбай ғой, дәу бір қапты көтеріп бара жатыр, – дейді екен таңырқап.

– Мектепке бардың ғой?

– Бардым. Ашулымын. Сабақ өткізіп жатқан жерінен мұғалімді бас салдым.

Екі жағасынан ұстаған күйі кабырғаға соққылададым.

– Қыз баланы сыйламайтын сен кімсің?! Қандай ұстазсың?!

Сыныпта отырған балалардың көздері бақырайып кетті. Әлгіні ұрмасам да, ұрғандай етіп әбден сілкілеп, «арнайы келіп әпкемнен кешірім сұрайсың» дедім де кетіп қалдым.

Менің ізімше Ибадулла ағай поштаға барыпты.

– Ойбай, милиция шақыру керек. Адырбектің Көлбайы біздің мұғалімді сабап кетіпті. Милиция шақыру керек, – дейді байбалам салып.

Пошташы жақсы көршіміз еді.

– Е, ол ешкімге тиісе қоймайтын бала ғой. Сенің мұғалімің бірдеме деген шығар. Сен неге милиция шақырасың? Мұның ұят болады, – деп шақыртпай қойыпты. Көршіміз ара түспесе, Ибадулла ағай мені қаматып жібергісі келген ғой.

– Ана мұғалім әпкеңнен кешірім сұрады ма?

– Сұрады. Мен оған:

– Әпкем жолында жаным пида. Аудандық оқу бөліміне шағымдансам, мұғалімдіктен куалатыныңа көзің жете ме? – дегенімде:

– Жетеді, кешір, – деді менен де кешірім сұрап.

### «ШЫНДЫҚТЫ ШЫРЫЛДАП АЙТТЫҢ-АУ»

– «Семей таңы» газетінің жүз жылдық мерейтойына «Түркістан» газеті ұжымы атынан бардым. Салтанатты жиналыс қала орталығындағы биік еңселі, әсем драмтеатры залында өтті. Жан-жақтан келген көп құттықтаушылардың бірі ретінде маған да сөз берілді. Мінбеге шықтым:

– «Семей таңы» – Алаш ардагерлерінің көзі, сол кісілердің еңбектерін алғаш жариялаған тарихи газет, – дедім мінбеге шығып, әріптестерімді ұжымым атынан құттықтап. – Мен Абай еліне бірінші рет келіп тұрмын, Құдай қаласа, ертең Жидебайға бармақшымын. Бөріліге де соғамын. Зере, Ұлжан аналарымыздың, Құнанбай, Абай, Шәкерім бабаларымыздың аруағына бас иіп, тізерлеп тағзым етіп қайтсам деймін.

Жұрт ду қол соқты.

– Сіздермен рухани байланысым бар. Аты аталған аталарымыздың, семейлік басқа да ақын-жазушылардың шығармаларын бала кезден оқып өстім. Мұның сыртында сіздердің Шар ауданының тамаша азаматы, ердің ері Әзімбай Лекеров туралы көлемді шығарма жазып, «Түркістан» газетінің жеті санына жарияладым. Ол газет нөмерлерін арнай алып келдім. Міне, көріңіздер, – деп жұртқа газеттің әр бетін айқара ашып көрсеттім.

– «Бесеудің хатын» білетін де, естіген де шығарсыздар?

Залдан «білеміз, естігенбіз» деген дауыстар шықты.

– Кешеге дейін оны жазған Ғабит Мүсірепов деп даурығып келдік. Архив құжаттарын ақтарып, зерттеу жүргізгенімде шындық сыры ашылды. Оның авторы Әзімбай Лекеров екен. Сіздерге түсінікті болу үшін хаттың жазылу тарихына тоқталайын.

Сол кездегі Қазақстан Өл-



# ЖЕҢЕДІ

## ӨМІРДЕРЕК

*Көлбай Адырбекұлы 1952 жылы 20 қаңтарда Түркістан облысы Бәйдібек ауданының Жүзімдік бөлімшесінде өмірге келген.*
*1980 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.*
*Сол жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетіне тілші болып орналасты.*
*1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне ауысты.*
*1994 жылы «Заман Қазақстан» газетіне шақырту алып, сол газетте жұмыс істеді. Кейінірек бұл газет жабылып, оның орнына «Түркістан» газеті шықты.*
*2018 жылы сол газеттен зейнеткерлікке шықты.*

## ШЫҒАРМАЛАРЫ

*Мақалаларының біразы бәйге жарысында жүлделі орындарға ие болған.*
*«Жүрек жұтқан», «Тамұқ», «Зекеннің қилы кезеңдері» хикаяларының авторы. «Тәуелсіздікке талпыныс» повестер жинағы жарық көрді.*
*Тұлғатану саласында Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Нұрмақов, Е.Бекмаханов, Қ.Сәтбаев, Ө.Жәнібеков және т.б. туралы зерттеу мақалалары мерзімдік басылымдарда жарияланған.*
*Ауғанстанда мұждахеттер қолына еріксіз түсіп, Кубадағы АҚШ-тың Гуатемала түрмесінде жатқан Қазақстан азаматы Илхомжан Ботаевтың анасы Хасият Ботаеваның ұлын іздеп, Ауғанстанға барған жанкешті сапарындағы азапты жолы туралы «Түркістан» газетіне жарияланған «Жаннида» атты бір беттік мақаласы Америка әскери сотының қылмыстық іс қарауында пайдаланылып, сол мақаланың арқасында Илхомжаннаң адалдығы дәлелденіп, елге қайтарылған. Бұл қазақ журналистикасында бұрын-соңды болмаған жәйт.*
*Соңғы 20 жыл бедерінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы және соның салдарынан жапа шеккен интеллигенция, студенттер мен жұмысшы жастар жайында «Авторлық бағдарлама» айдары бойынша «Казахское дело» тақырыбымен көлемі газеттің 3-5 беттеріне жарияланған қырыққа жуық журналистік-архивтік зерттеу мақалалары жарық көрген. Атап айтар болсақ Д.Қонаев, А.Асқаров, Ө.Жолдасбеков, Р.Хобдабергенов, С.Зиманов, С.Әшімбаев, К.Нәрібаев, М.Шаханов, Б.Қойшыбаев және тағы басқалар. Ал жастардан Қ.Рысқұлбеков, Сәбитова, Г.Байбосынова, М.Әбдіқұлов, Е.Декелбаев, Б.Шарахымбай және тағы басқалар.*
*Осы тақырыппен 1989 жылғы Жаңаөзен көтерілісі туралы көлемі бір кітаптық зерттеуі жарық көрді.*
*Осы еңбектері үшін 2004 жылы Қазақстан Журналистер одағы мен 2006 жылы Қазақстан республикасы Президентінің сыйлығы берілді.*

келік партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекиннің қастандықпен қолдан жасаған 1932-1933 жылдардағы аштықтың себеп сырын ашып, КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Сталинге жазбақ оймен Ғабит Мүсірепов бастаған бесеу оңаша үйге жасырын жиналып, ақылдасады. Әзімбай Лекеровке: «Сен жаз, біз қол қоямыз. Сені жазды деп жан баласына айтпаймыз», – десіп уәделеседі. Ол хатты Сталинге жолдамақ болған бесеудің біреуі жақын досына «біз осылай әрекет еттік» дейді. Содан ол сөз Голещекинге жетеді.

Сәл сабыр етіңіздер, Әзімбай Лекеров кім еді дегенге жауап бере кетейін. Ол Мәскуедегі қызыл профессура иниститутының экономика факультетін үздік бітірген, Тұрар Рсықұловпен, Нығмет Нұрмақовпен жиі қарымқатынаста болып, өзінің күрескерлік рухын шыңдай түскен. Оған дұрыс бағыт бағдар беріп, түзу жол көрсеткен Тұрар Рысқұлов пен Нығмет Нұрмақов...

Әзекең Голощекиннің қастандық әрекетінің түгін қалдырмай, орыс, қазақ тілінде жазған. Ол хатты қолына түсірген Голощекин Әзімбайды шақырып алады.

– Мынаны кім жазды?

Әзімбай «мен жазған жоқпын» депті.

– Онда мә, оқы!

Голощекин: «Мұны жазған Әзімбай Лекеров. Бізді үгіттеген де, қол қойдырған да – сол» деген бесеудің түсінігін Әзімбайдың қолына ұстатады.

– Жөндеп оқы!

Бесеудің түсінігін оқып шыққан Әзімбай, амал жоқ, «менің жазғаным рас еді» дейді мойындап. Бесеу хатының авторы менмін деген сөзді Ғабит Мүсірепов өле-өлгенше айтпай кетті.

Алматының көшелерінде аштан өлгендердің мәйіті толып жатады екен. Соның бәрін жинатқан да Әзімбай Лекеров. Тарихшы Тілеу Көлбаев менің газеттің жеті санында жариялаған мақаламнан кейін «Бесеудің хатын» Ғабит Мүсірепов жазды» деген мақала жазды. Шындыққа көз жұма қарау, әсіресе, тарихшыға жараспаса керек. Факті ешкімнің бұрмалауына көнбейді. Себебі – шындық жалғыз.

Қымбатты семейліктер! Әзімбай Лекеров ел үшін, сіздер мен біздер үшін құрбан болды. Әзекеңнің еліне, ата-анасына, өзіне алғыс айтайық. Оның жазған хаты тарихи әрі анау, мынау емес, жазудың классикалық үлгісі түріндегі хат, олай жазу басқалардың қолынан келмейді.

Қымбатты семейліктер! Әркімнің еңбегін бағалап, өзіне лайықты құрмет көрсетуіміз керек. «Халық жауы» деген жаламен атылып кееткен Әзекең жөнінде айтар сөз көп. Қазір Әзімбай Лекеров туралы «Түркістан» газетінің жеті санында жарияланған еңбегімді «Семей таңы» газетінің редакторы Ләззат қарындасыма тапсырамын.

Залдағы орныма жетіп отырғанымша жұрт қол соқты. Жанжағымдағы, желке тұсымдағы карттар:

– Әй, шырағым-ай, бір шындықты шырқыратып айттың-ау, – десті риза болып, жапатармағай қолымды алып.

Салтанатты жиналыс аяқталып, қонақ үйге қарай беттегенімде, жасы елудің үстінде дерлік жігітағасы сәлем беріп, аты-жөнін айтып:

– Мен Семейдегі Әзімбай Лекеров атындағы колледждің директоры едім. Сіз айтқан мәліметтерді, шынымызды айтсақ, біз білмеуші едік. Әйтеуір атын, сондай кісі болғанын ғана білетінбіз Сізде көп мәлімет бар екен. Ертең мұғалімдерімізбен, студенттерімізбен кездесу өткізсек деген тілегімізге қалай қарайсыз? – деді.

– Айналайын, мен ертең таң атар атпастан Жидебайға бара жатырмын. Екі ара екі жүз елу шақырым екен. Барып келуім бес жүз шақырым. Тарихи орындарға тағзым етіп қайтқанымша кешкі сағат бес-алты болатын түрі бар. Сосын пойызбен жолға шығамын. Семейге жолым түссе, сіздің тілегіңізді қуана-қуана ескерем.

– Қап, әттеген-ай! – деді ол өкініп. Одан бері Семейге жолым түспеді. Мүмкін алда түсіп те қалар..

### «БІЗ ҚАЛАЙ МЕЙІРІМСІЗ БОЛАЙЫҚ?»

– Жұбайым – мұғалім ғой. Өзі жетекшілік ететін бесінші сыныптағы 30 оқушы, қастарында екі апайы бар, мұғалімдер күнімен құттықтап, үйімізге сау етіп кіріп келді. Күнібұрын ескертіп айтпағандықтан біз біраз абыржып қалдық.

Балалар аяқкиімдерін шешіп-шешіп, кіре берістегі босаға маңына қалдырып, жұбайымды кезекпе-кезек құшақтап мәз. Оларды жұбайым үлкен залға бастап жүрді.

Мен дәлізде еріксіз бөгелдім. Балалар қайтар кезде аяқкиімдерін таппай, алмастырып алып, әуреге түсер деген оймен оларға қызмет көрсетуді жөн көрдім. Өйткені бала – патша ғой, менің құрмет-қошаметімді ешкім ерсі көрмес деген ойда балапандардың аяқкиімдерін рет-ретімен жұптап, қатар тізіп жатқанымды екі мұғалім әйел залдың есігін жартылай ашып, маған қайта-қайта күлімсірей көз тастаумен болды.

Бала кезімізде бәріміз үлкен кісілердің аяқкиімін алдына қойып өскенбіз ғой. Еңбекпен есейген бізге мұндай жағдай таңсық емес. Ауылымызда, жетінші сыныпты бітірген жылы бізге бригадир екі ат жеккен арба берді. Оны мажар арба дейтінбіз. Онымен күні бойы шөп тасимыз.

Елді мекеннен алыстағы қоста жатамыз Араға екі-үш күн салып бізге үш карт келеді. Біреуі қоржынның екі басына салып, 8 қауын әкеледі. Ол кездегі қауындардың үлкендігі самауырындай-самауырындай еді. Екінші қарт – етікші. Ол кісі асай-мүсейін, яғни құрал-сайманын алып келеді. Үшінші – әңгімешіл қарт.

Түскі мезгілде етіктерімізді сілкіп-сілкіп шешіп, аздап демалып, тамақтанғаннан кейін қауыншы қарт:

– Ал енді, балалар, мына қауынды жеп, сусындаңдар, – дейді қауынын жарып. Пышақ тиген кезде қауын па-а-арс етіп жарылады.Тәттілігі сондай, бал жегендей боламыз. Екі тілігіне-ақ тойып қаламыз. Тоғымызды басқалы біз жақын маңдағы арықтың терең суына шомалатынбыз. Біз ол жақтан келгенімізше, етікші қарт етігіміздің жыртылған жерін тігіп, бүтіндеп береді. Әңгімешіл қартымыз ауылымыздың өткен-кеткенінен, ел ағаларының өмірінен әңгіме айтады. Сол еңбектеріне ол кісілер ешкімнен ақша сұрамайтын. Сондай қарттардың мейірімін көріп өскен біз қалай мейірімсіз болайық?

### «ҚОЖАН АҒА ЖАҚСЫ КІСІ ЕДІ»

– «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінің редакциясына Алматы облыстық партия комитетінің біірінші хатшысы Е.Төлепбеков келді. Бізбен танысып, сөйлесті. Алдымен жасы үлкен Қожан Есжановқа:

– «Жетісуда» істеп келе жатқаныңа қанша жыл болды? – деді.

– Отыз жылға таяп қалды.

– Отыз жылдың ішінде сен бір алғыс алдың ба, не марапатталдың ба?

Бірінші хатшы орысша сөйлеп тұрғандықтан Қожан да орысшалап:

– Как сказать... – деп еді:

– Понятно. Сендер кадрларды бағалай білмейсіңдер. Отыз жылдай істеген журналистке көрсеткен құрметтерің жоқ, – деп бірінші хатшы редакторымызға шүйлігіп, есін шығарды. Оның сасқаны сондай маңдайынан тер шығып, көзі алақандай болып кетті.

Қожаннан құтылудың амалын қарастырып, ретін таппай жүрген редакторымыз бірінші хатшының жазасынан әупірімдеп аман қалған соң, қайта айлаға көшті..

– Мен облыстық атқару комитетінің аударма бөліміне ауысатын болдым. Айлығы 400 сом. Мұндағы айлығым 100 сомның төңірегі, – деді Қожан аға көңілденіп.

– Аға, онда ылғи жастар істейтінін білесіз бе? Барған соң сізден көп материалдың аудармасын талап етеді. Жасыңыз келген кісісіз, ол талапты орындауыңыз қиын. Жастардың реніішіне қаласыз. Сіз әуелі жұмыстың ауқымын біліп алсаңызшы? – дедім.

Ол кісі ойланып қалды да, бөлмеден шығып кетіп, бірер сағаттан кейін қайтып келді. Бөлім бастығына жолықса, «мыналарды аударуың керек» деп мән-жайды айтып, түсіндіріпті. «Көлбай, сенің айтқаның дұрыс екен. Жұмыс ауқымының көптігінен көтерем болып өліп кетуім мүмкін. Бас тарттым» деді ыржиып күліп.

– Қожаннан құтылатын болдық, – деген редактор қуанышы су сепкендей басылды. Оның 400 сом айлығы бар деп қызықтырған айласы жүзеге аспады.

Қожан аға жұмысқа таңертең нөл-нөл тоғызда келеді. Тәртіпке өте ұқыпты. Үстіндегі костюм-шалбарына кемінде 15 жыл болса да, сырт көзге су жаңа көрінеді. Кабинетке енгеннен кейін столының тартпасындағы шүберекті алып, столы үстін жақсылап сүртеді. Сосын шүберегін тартпаға қайта салып, көйлегінің, костюмінің жеңін қағады. Он минуттей терезеге қарап ойланып отырады да, ұсақ материалды аударуға кіріседі.

Бір күні редакторым маған басқа бөлмеге көшесің деді. Мұны естіген Қожан аға: «Көлбай басқа бөлмеге ауысатын болса, онда мен жалғыз отырамын», – деді қарсылық білдіріп. Бірінші хатшыдан жүрегі шайлығып қалған редакторымыз «жарайды, екеуінді бөлмей-ақ қояйын», – деуге мәжбүр болды.

– Қожан министр секілді шіреніп жүруші еді, – деген маған:

– Шын мәнінде Қожан аға жақсы кісі еді, – деді Көлбай ехе-хе-хелей күліп.

**Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,**
**Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, бауыржантанушы**

№3 (977) 24.01.2022 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Ситуация кардинально изменилась – в мире идет переформатирование будущего глобального мироустройства. В нем выживут не просто сильные, но экономически самодостаточные, самостоятельные и подготовленные государства, которые сумеют без посторонней помощи выжить в условиях мировой гибридной войны. И в таких условиях надо надеяться только на себя, на свою экономику, медицину, финансы, кадры, силовые структуры и т.д. и развивать их.**



# НЕОБХОДИМО ПРИМИРЕНИЕ ЭЛИТ, ВЛАСТИ И НАРОДА!

### КАЗАХСТАН БЫЛ В ШАГЕ ОТ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ

Сейчас в международных отношениях наступила как бы «игра без правил». И каждая страна должна понять происходящие процессы, подготовиться к ним, чтобы сохранить себя.

Гибридная война, о которой много говорили в последние годы, пришла и в Казахстан, и в силу разных причин страна к ней оказалась не готовой.

В январе в РК прошли мирные митинги, вмешались «третьи силы», заговорщики, бандиты, боевики. И начались хаос, грабежи, мятеж, восстание, стрельба, военные столкновения, убийства.

Чуть не случились государственный переворот и гражданская война! Свидетельство этому – ввод войск ОДКБ. Казахстан был в шаге от потери независимости и установления неизвестной нелегитимной власти.

Заговорщики планировали сделать Казахстан очередной горячей точкой, как это было сделано с Сирией, что привело бы к распаду республики на отдельные части, которые вошли бы в состав соседних супердержав.

Эта попытка государственного переворота не похожа на «цветные революции» в их привычном понимании.

Это межклановые и межэлитные разборки на государственном уровне, возможно, управляемые «третьими силами». Определенные элитные группы и конфликты были и раньше; у некоторых из них были свои полувооруженные силы, связанные в том числе с криминалом. Но в этом году эти группы в известной мере объединились, поэтому явно представляли собой значительную и хорошо подготовленную силу.

Такое объединение было организовано для того, чтобы дискредитировать президента Касым-Жомарта Токаева и заставить его уйти в отставку?

Вся опасность была в том, что эти силы объединяли не только представителей силовых структур, криминала, «салафитов», но и представителей многих ведомств по всей республике.

Стране, власти и обществу необходимо консолидироваться. Так как это вопрос выживания Казахстана как государства и народа как нации. До тех пор, пока не будет примирения и консолидации элит, власти и народа, будут попытки дестабилизации обстановки в стране.

Большую роль в стабилизации будет играть позиция гражданского общества. По этой причине власти должны создать «мозговые» центры из общественников, экспертов, известных деятелей при правительстве, способных выработать реальные и актуальные предложения для выхода страны из нынешнего кризиса.

К тому же необходимо поэтапное изменение политической и экономической системы. Казахстан должен в будущем максимально децентрализовать власть, перераспределить ее между всеми, чтобы никогда и ни у кого не было возможности ее узурпировать.



Ведь именно клановая система позволила узурпировать власть, сконцентрировать в своих руках правоохранительные органы, спецслужбы, годами вести подготовку к этому заговору. Люди, которые прямо либо косвенно к этому причастные, находились на самых высоких должностях.

### ИДЕТ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭКСПАНСИЯ РФ В РК

В конце июля 2020 г., перед выборами президента Лукашенко обвинил Россию в «грязных намерениях» после поимки более 30 «боевиков» из России: «Всякие войны сейчас начинаются с уличных протестов, демонстраций, потом майданы. Если майданутых мало, их подтянут со стороны это профессиональные военные, бандиты, они специально готовятся в основном в рамках ЧВК по всему миру они зарабатывают большие деньги на провокациях в тех или иных странах...».

Что было потом, мы все хорошо знаем.

В ноябре 2021 г. Россия «проглотила» Беларусь: президенты Путин и Лукашенко подписали декрет Союзного государства. У нас это событие официально никак не комментируется, как будто ничего не случилось.

С 2020 г. усилилась информационная атака РФ против РК с территориальными претензиями, вмешательствами в языковые процессы, угрозами и т.д., чтобы мы шли на



уступки, – идет экономическая экспансия России в Казахстане.

Например, экономическая несамостоятельность РК привела к коллапсу строительной индустрии летом 2021 года, когда Россия подняла цену в 2-3 раза на металл и лес. Заметно выросли цены почти на все строительные материалы, львиную долю которых составляет импорт из России. У нас не производят обычную керамическую плитку – ее завозят из разных стран, в том числе и из Узбекистана.

На днях, 14 января, появилась информация о том, что Россия отказалась «зазывать» Казахстан в Союзное государство из вежливости. «У нас нет такой привычки кого-то приглашать. У нас есть процедура, в соответствии с которой, если кто-то обращается, мы, конечно же, рассматриваем, и рассматриваем конструктивно. Привычка зазывать к себе есть у наших западных коллег, как они сейчас зазывают всех подряд присоединиться к НАТО. Это не наш метод», – заявил глава российского МИДа Сергей Лавров. Отказ специально приглашать Казахстан министр объяснил вежливостью российской дипломатии. «Мы вежливые люди», – добавил он.

В РК намек поняли...

Ведь в условиях информационной, гибридной, биологической, экономической и др. войны, казалось бы, необходимо открывать новые заводы, производства, поднимать сельское хозяйство, укреплять обороноспособность страны и т.д. Усиливать экономическую самостоятельность. Однако по неизвестной причине это не происходило.

### НЕОБХОДИМО ПРИМИРЕНИЕ ЭЛИТ, ВЛАСТИ И НАРОДА!

Казахстан – часть мировой экономики, зависимый от инвестиций. Долгое время наша республика создавала себе репутацию стабильной и миролюбивой страны, но сейчас показала себя с негативной стороны, что неизбежно повлияет на наши кредитные рейтинги, инвестиционный климат. Не говоря о возможном усилении миграции из нашей страны.

И чтобы вернуть себе утраченные позиции, не повторялись эти трагические события и возродиться для нового Казахстана, необходимо национальное примирение. Выпустить всех незаконно задержанных демонстрантов, провести объективное расследование трагических событий, задержать и сурово наказать «серых кардиналов», непосредственных исполнителей заговора, боевиков, бандитов, мародеров и т.д.

Слишком высока цена, которую заплатил народ, чтобы остаться безгласным и вне современной политики. Плачевные, катастрофические последствия могут иметь для страны, если власти и общество не извлекут соответствующие уроки для того, чтобы не повторилась январская трагедия и построение новой страны не превратилось в очередной мыльный пузырь.

Власти должны не только услышать народ, который обнищал и пострадал за последние годы, но и допустить его для непосредственного участия в реформе страны.

По этой причине необходим «Общественный договор»: примирение народа и власти должно принять юридический характер.

Должна прийти боеспособная команда реформаторов-профессионалов «из народа» на помощь реформам президента Касым-Жомарта Токаева.

В мирных митингах участвовало



много молодежи из сельской местности. Крупные латифундисты ради нового Казахстана, в рамках национального примирения отдали бы 80% своих земель безвозмездно передать сельским жителям, крестьянам, фермерам.

Есть немало одиозных чиновников, которые принимали откровенно некомпетентные, незаконные или глупые решения. И они должны уйти в отставку и на их место должны прийти новые компетентные специалисты. Например, Айман Турсынкан, Расул Рысмамбетов, Джохар Утебеков, Рахим Ошакбаев и др.

Как отметила публицист Айнаш Керней: «Понятно, что торг идет или уже состоялся. Надеюсь, не продешевили и, как минимум, выторговали закрытие экспрезидентом всего государственного и квазигосударственного долгов. Помнится, долги исчисляются 165 миллиардами долларов. Как максимум, возвращением им и членами его клана присвоенного богатства народу Казахстана».

И в рамках национального примирения вместо «Гаагского трибунала» необходимо законодательно отрегулировать возврат незаконных активов народу, в том числе активы «очень богатых даже по мировым меркам людей, появившихся благодаря Елбасы».

Нам нужно уничтожить политические монополии в экономике и разобраться с финансово-валютными потоками, связанными с экспортом полезных ископаемых, сделать их прозрачными. Нам нужно упорядочить экономику и политику, а не охотиться на ведьм, чтобы лишить собственности как можно больше людей.

Если кто что похитил, пусть в этом разбирается суд. Главное, чтобы больше никто не «сидел на трубе», а если и сидел, то прозрачно, под общественным контролем. Нам нужно юридическое равноправие даже самых неравных по факту лиц, правительство должно быть равноправно отдельному гражданину в суде.

Естественно, рано или поздно, если сохранится Казахстан, власти начнут инициировать процедуру возврата капитала на родину. Причем такая мировая практика широко распространена и не имеет никаких препятствий при объективной доказанности фактов коррупционной природы капитала. Поэтому для народа и власти имеет большую ценность сохранение и обновление государственности Казахстана.

Нужно активно начать процедуру возврата капитала, добытого коррупционным путем, в том числе из многочисленных оффшоров. Активно заводить уголовные дела.

В то же время суды не должны быть самоцелью. Если сторонники заговора, «видные» коррупционеры или чиновники с незаконными капиталами выйдут с «поднятыми руками, сдадут оружие», прилюдно раскаются в своих намерениях, вернут казне 80% своих незаконно нажитых капиталов, то почему бы их не простить?

Нам нужны необратимые перемены, справедливые, не персонифицированные, незыблемые, кардинальные. Курс на создание общества всеобщего благосостояния. Это требует трансформации системы государственной власти в государственный сервис поддержки создания и справедливого распределения благ.

Мы должны проявить национальную мудрость в выходе из нынешнего позора и трагедии. Как выходили из кризиса и разрухи в послевоенное время в Германии и Японии. В нынешней опасной ситуации казахи, поминая своих великих предков – хранителей Степи, должны состояться как единая нация.

**Дастан ЕЛДЕС**

№3 (977) 24.01.2022 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# «ПОКА ЕСТЬ ВРЕМЯ, УЧИТЕ ЯЗЫК»: РУССКИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ КАЗАХСКОГО

**Преподаватель казахского языка Татьяна Раджибаева выросла в деревне Кызылагаш близ Талдыкоргана. Еще маленькой девочкой она оказалась внутри казахской среды, где самостоятельно выучила казахский.**
**Полюбившая казахский язык с детства теперь Татьяна делится своими знаниями с другими. В беседе с корреспондентом медиа–портала Caravan.kz она рассказала о своих учениках, о том, как решила преподавать казахский и почему не верит в авторские методики.**
**Также Татьяна высказала свое мнение о том, почему вопрос владения казахским для многих продолжает оставаться проблемой и какие способы изучения, на ее взгляд, являются наиболее эффективными и интересными.**






**- Татьяна, расскажите, как вы пришли к преподаванию казахского языка. Что послужило главным мотивом?**

- К преподаванию казахского языка я пришла случайно: моя подруга попросила научить ее. Поначалу я очень долго отказывалась, но она так настаивала!.. И в итоге я согласилась. Ей так понравилось мое преподнесение материала, что она стала рекомендовать меня своим знакомым как опытного репетитора казахского языка. На удивление, мне очень понравилось обучать, также мотивировали результаты студентов, их эмоции.

**- Выказывали ли люди еще большее удивление, учитывая тот факт, что вы не просто владеете языком, а преподаете его?**

- Вы знаете, это больше не удивление. У тех, кто хочет изучать казахский язык и приходит ко мне, я вызываю доверие. Думаю, у людей складывается мнение, что если мне удалось овладеть языком, то я тем более смогу помочь им с этим. Но на сегодняшний день человек любой национальности, знающий казахский язык, – это не такая уж и редкость. И, честно говоря, мне нравится, что это уже не вызывает большого удивления и вау-эффекта. Это очень здорово, что казахский язык стали изучать все активнее и что среди представителей других национальностей стало много свободно говорящих и даже преподавателей казахского. Хорошо также и то, что многие медийные личности сейчас популяризируют государственный язык.

**- Как вы относитесь к этому сейчас: исключительно как к работе, как к хобби или же как к чему-то более важному, глубокому?**

- Преподавание никогда не было для меня работой. Это скорее мое увлечение. Мне нравится общаться с людьми.

**- В чем особенности ваших методов преподавания, что отличает их от других? Насколько они эффективны и уникальны? Не могли бы вы вкратце о них рассказать?**

- Я не могу их назвать своими. Ведь что бы я, как мне кажется, не придумала, уже давно придумано и практикуется в преподавании иностранных языков. У меня такой сборник техник, инструментов и заданий, которые приводят к результату. Хоть и цель у всех одна – говорить на казахском и понимать казахскую речь, но путь к этой цели у каждого свой. Так как каждый человек уникален, моя задача - подобрать подходящую методику для каждого. Вот почему у меня нет групповых занятий. Я считаю, что они неэффективны.

**- Расскажите о своих учениках. Кто они, каких профессий, возраста, увлечений? Как они решили изучать казахский и как у них это получается?**

- Каждый новый студент для меня – это открытие. Разные профессии, возраст, взгляды, статус. Это говорит о том, что в изучении казахского языка границ нет. Детей зачастую приводят родители – это их желание, чтобы ребенок знал государственный язык. Взрослые уже осознанно подходят к процессу обучения, так как ставят перед собой определенную задачу. Поэтому преподавать детям на первых порах сложнее.

**- Но ведь очень популярно такое мнение, что детям знания и конкретно изучение языка даются легче...**

- Да, и оно ошибочно. Ничего подобного, возраст никак не влияет на результат. Главное – поставить конкретную цель. Ко мне записался новый студент, он врач-эпилептолог. Его цель, цитирую: «Казахский язык поможет в предоставлении ещё большему количеству людей моей помощи». Получается, что я помогаю ему ради оказания помощи другим людям: это очень вдохновляет.

**- Что, согласно вашему опыту, является ключевым фактором в вопросе изучения языка, без которого нельзя обойтись? И что, наоборот, является тем, чего категорически нельзя делать?**

- Ключевые моменты – это желание и привычка. Нужно без всяких отговорок уделять время ежедневно. И речь не о том, чтобы тратить время, сидя за учебниками и зубря правила и грамматику. Лучше посмотрите что-нибудь, что вам нравится, но на казахском. Это и приятное времяпрепровождение, и практика языка. Чем за это же время вы узнаете, условно говоря, что в казахском семь падежей и у каждого куча окончаний.

**- Известные отечественные эксперты в языковой сфере не раз говорили, что проблемы в изучении казахского заключаются в малом количестве хороших и рабочих методик. Среди прочих причин они называют нежелание самого населения изучать казахский в силу тех или иных причин, а также отсутствие языковой среды и, как следствие, языковой надобности и интересного контента.**




**Согласны ли вы с этими тезисами? И вообще, по-вашему, почему для многих вопрос владения казахским продолжает оставаться проблемой?**

- По-моему, наша проблема не в методике. Все уже давно придумано. Проблема скорее в предложении этих методик. У меня два сына-школьника. У них отличные учебники по казахскому языку, где нет ни слова на русском. Плюс к ним прилагаются CD-диски. Вообще предполагается, что школы должны быть оснащены лингвистическими кабинетами, где ребенок может выполнять то или иное задание по этому диску. Но как все происходит на самом деле? Учитель начал урок, открыли книгу, прочли какой-нибудь текст и перевели его. И так во всех классах, вне зависимости от учителя. Преподаватели разные, а методика одна. Смысл что-то внедрять, когда методика одинакова? Проблема упирается в это.

Что касается нежелания – да, с этим я, пожалуй, согласна. И даже не то чтобы нежелание. Как бы это, возможно, жестко ни звучало, но у нас нет этих рамок, в которых населению пришлось бы вынужденно изучать казахский.

**- В одном из последних подкастов вы рассказывали, почему песни Кайрата Нуртаса не подходят для изучения казахского языка. Не могли бы вы поведать нам об этом вкратце? И вообще, насколько эффективно учить казахский благодаря песням или просмотрам фильмов? Возможно, вы посоветуете какие-то другие оригинальные и творческие способы изучения казахского?**

- Да, Казахстан делится на регионы, и в каждом есть свой диалект. Самый чистый казахский – это Восточный Казахстан и юго-восток. Но речь идет о коренных жителях этих регионов. Что касается Кайрата Нуртаса и того, как он исполняет свои песни, то это явно показывает, что он южанин. И для новичка учиться казахскому по его песням и с его специфическим произношением будет сложновато.

А так это очень хороший метод – учить язык по песням, по фильмам. Но при просмотре кино на том языке, который вы хотите изучить, лучше не включать субтитры, так как ваше внимание будет сосредоточено на них.

Вообще очень хороший эффект дает, когда человек смотрит то, чем он увлечен и что ему нравится. Например, если вы фанат футбола, то вы можете смотреть матчи любимой команды с комментариями на казахском языке. Вы смотрите интересное и любимое вами событие, вы знакомы с терминологией, находитесь в теме, и вам будет легче понять казахскую речь. Повторюсь, это и приятное времяпрепровождение, и практика языка.

**- Возникают ситуации, когда языковая тема у нас порой становится причиной споров. Что вы думаете об этом? Почему так происходит?**

- Недавно у меня был такой момент: я ехала на такси и диалог с водителем вела на казахском, я часто так делаю для своей же практики. Он очень удивился, мол, я русская и так хорошо владею казахским, похвалил меня. Едем дальше, и он спрашивает, читаю ли я суры и хадисы в Коране на казахском. На мой отрицательный ответ у него также была удивительная реакция: «Как так? Вы же знаете казахский. Надо читать!». Это уже звучало так, будто «зачем вы изучили казахский и при этом не читаете Коран?». Я не стала вступать с мужчиной в полемику, и благо, что поездка уже была окончена.

Мне удалось избежать ситуации, которая могла перейти в какой-то спорный или конфликтный момент. И я заметила, это касается не только языка. Любая сфера, любая тема – всегда найдутся те, кто переведет даже, казалось бы, самую мирную ситуацию в конфликт. Но такие ситуации, насколько я знаю, могут возникнуть в любой точке земного шара.

**- Дабы подытожить наш разговор, хотелось бы выслушать от вас один из главных советов и плюсов для людей на тему владения казахским языком...**

- Мы живем в Казахстане, где государственный язык – казахский. Было бы странно и глупо ехать в Америку без знания английского, согласитесь? Конечно, пока что у нас этот вопрос стоит не так остро в силу того, что внушительная часть населения русскоязычная. Поэтому пока есть время, учите казахский. Он несложный, совсем несложный. Возьмите себе в привычку ежедневно подтягивать язык, и вы не заметите, как через некоторое время, максимум – через год, вы будете прекрасно понимать, о чем говорят люди вокруг, - **резюмировала наша собеседница**.




**Ахмет ТАЛАПУЛЫ**

№3 (977) 24.01.2022 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ТЕСТ НА «ЭПОХУ ПЕРЕМЕН». СМОЖЕМ ЛИ СДАТЬ ЭКЗАМЕН ПЕРЕД ИСТОРИЕЙ?

**Многое мы понимаем, ошибки осознаем, да жаль, с большим опозданием. События «трагического января» стали неожиданностью и шоком не только для рядовых казахстанцев. Да, были негативные прогнозы, связанные с ухудшением социального положения граждан, об этом говорили и эксперты и депутаты с трибуны Парламента, но никто не ожидал столь драматических плачевных процессов. Об этом рассказывается на сайте matritca.kz.**




В тот миг января Казахстан стоял на краю пропасти. Мы были в шаге не только от гражданской братоубийственной войны, мы могли потерять государственность и территориальную целостность Казахстана.

«Ливанизация» политического процесса, Югославский вариант раскола государства, «Афганский синдром». У нас могло случиться «три в одном».

Наша стабильность, наше гражданское согласие, о котором мы все трубили во весь мир, способность к диалогу оказались «картонным домиком», под которым десятилетиями назревали тектонические проблемы социального, общественно-политического характера.

В один день обнажились проблемы «социальной справедливости», неравноправия, дефицит политической культуры, концентрации экономических ресурсов у узкой группы лиц.

В определенный момент образовалась прямая угроза территориальной целостности и государственного обустройства Казахстана. Только заявление Президента Касым-Жомарта Токаева в ночь с 5 на 6 января о том, что он «остается в Акорде и будет с народом Казахстана» остудило пыл экстремистов и «темных сил», взбодрило народ страны, сподвигло всех граждан сохранить спокойствие и порядок.

Касым-Жомарт Токаев спас Казахстан от территориального распада, народ страны от массового террора и социального хаоса.

Мир переживает эпоху перманентных «черных лебедей».

Мы, казахстанцы, должны осознавать, что Независимый, сильный Казахстан, кроме нас самих, никому не нужен. Мы должны доказать всему миру нашу способность сохранять мир, политическое спокойствие, социальный прогресс в собственной стране.

Принцип «территориальной целостности» государств, заложенный Постсдамской конференцией после второй мировой войны закончился в Косово и «крымскими событиями».

Сегодня же каждое государство «за себя».

В современном мире есть две страны, территорию которых в XIX-веке делили соседние государства.

Это Польша в Европе и Казахстан в Азии, наши соседи об этом знают...

Этот отрезок истории мы должны помнить всегда!

Поэтому для нас, для каждого гражданина Казахстана самой главной ценностью и миссией является сохранение государственности и территориальной целостности страны!

Мы должны доказать миру нашу состоятельность иметь собственную государственность.

Мы переживаем синдром «отложенных реформ».

За неполных три года президентства Касым-Жомарту Токаеву пришлось преодолеть череду очень трудных общественно-политических эксцессов, социально-экономических проблем, техногенных катаклизмов и ЧС.

Это были испытания на «прочность».

1. Взрывы на «военных складах» в г. Арыс.

2. Наводнение в Мактааральском районе Туркестанской области.

3. Кордайские события Жамбылской области.

4. Взрывы военных складов в Жамбылской области.

5. Постоянные митинги рабочих коллективов в западных регионах страны.

6. Джут и массовая гибель скота в Мангистауской области.

7. Постоянные митинги общественности Алматы и других регионов касательно ухудшения социального положения граждан и других политических проблем в государстве.

Любой другой человек «устал бы», но Касым-Жомарт Токаев каждый раз выдерживает удар, системно и упорно решает проблемы во имя людей.

Некоторые информационные источники утверждают, что часть событий были инспирированы определенными группами, чтобы держать руководство страны в постоянном напряжении.

Например, сценарий событий в Кордае уж очень схож с событиями «трагического января» в Алматы.

Этот аспект правоохранительные органы должны еще раз исследовать и сделать правовые выводы.

Но есть и другая сторона этих процессов, все социальные и другие «болячки» не появились буквально сегодня, эти проблемы накапливались десятилетиями, вследствие консервации политической системы, концентрации экономических ресурсов страны у группы лиц, имущественного расслоения общества.

Мы должны учиться у истории и быть способными с критической точки зрения подвергать анализу прошедшую политическую историю.

Наша современная политическая история говорит, что нам нужно учиться национальному диалогу, компромиссу и консенсусу.

Подавление социальных, политических интересов и чаяний даже маленькой части граждан создают почву «мины замедленного действия» для будущих поколений.

Социальная справедливость, политические свободы, экономическая активность - универсальные ценности для всех категорий граждан, политика в стране должна соответствовать чаяниям всего спектра граждан страны.

Процесс строительства сильного государства состоит из двух сторон. Во-первых, мы должны чтить и соблюдать закон и порядок, иначе у нас будет охлократия и хаос. Во-вторых, чтобы люди соблюдали закон и порядок граждане должны чувствовать, что их законные чаяния выполняются.

В этом заключается диалектика сохранения государственности.

К сожалению, был отрезок нашей истории, когда имели место закручивание гаек в политической сфере, несколько покушений на жизнь политиков с трагическим исходом.

У людей еще не прошла боль от несбывшихся социальных надежд и физической потери наших соотечественников.

Эта боль не дает покоя уже последующим поколениям. Она каждый раз выходит наружу в виде митингов, шествий и т.д.

Нам следует дать оценку этого отрезка нашей истории.

Все социальные, экономические проблемы в этот период пытались решить за счет «заливания деньгами» от нефтедолларов.

В силу закручивания политических «гаек» не было механизмов общественного контроля, как следствие, ни один экономический проект, вроде ГПИИР, «30-корпоративных лидеров» не показали свою эффективность, средства выделены, а высокотехнологический экспорт страны не только растет, а падает.

Никто не может разобраться, куда ушли десятки миллиардов бюджетных средств.

«Голландская болезнь» нашей экономики так и не преодолена.

Расслоение в обществе росло, часть граждан, пользуясь близостью к политическому истеблишменту смогла присвоить «общественные блага», которые были созданы не одним поколением наших сограждан.

Нам нельзя повторять этих ошибок.

Если из современной политической истории не сделать правильных и разумных выводов, как показала печальная практика, история может выстрелить из ружья, громко, плачевно и больно.

Нельзя заниматься только «отрицанием всего» в нашем недавнем прошлом, было много весьма позитивного.

В этом ключе следует рассматривать роль и место Первого Президента Н.А. Назарбаева.

Но смена эпох является закономерным, объективным, неминуемым процессом.

История человечества состоит из смены эпох!

Сейчас мы являемся свидетелями смены политической эпохи в Казахстане. Мы должны быть способными создавать диалектическую связь между политическими периодами страны.

Если мы хотим, чтобы развивалась наша государственность, нам следует закладывать политическую традицию «преемственности поколений» и позитивной связи эпох.

Элита должна обновляться.

Люди устают от одной и той же картины. Персоны, находящиеся у власти, на руководящих должностях, имеющие доступ к механизмам принятия важных решений должны регулярно меняться.

Регулярное обновление политического истеблишмента является залогом стабильности и устойчивости политической системы.

Нужно коренное обновление государственной службы, в том числе, министров, представительных органов в центре и на местах.

Самое главное, нельзя останавливаться полумерами, люди должны чувствовать, что идут реальные изменения, каждый человек на себе должен ощутить позитивные социальные и другие изменения.

«Моральное право» является важным элементом политического процесса.

В политическом менеджменте должны быть представлены личности, которые имеют моральный авторитет в обществе и у граждан.

В эпоху цифровизации и превалирования социальных сетей особо важным элементом общественного процесса становятся люди, вернее способность граждан создавать позитивную культуру поведения в социальных сетях.

Социальные сети становятся одним из элементов «общественного бытия», граждане имеют возможность свободно выражать свою точку зрения, собственную принципиальную позицию по различным аспектам социально-экономических проблем.

Но у социальных сетей есть и другая сторона, это фейковые информации, распространение экстремистских идей, оскорбление личности, ложных посылов и т.д.

Ради сохранения Независимости страны, мы должны создать собственную, патриотическую, государственническую «Повестку дня» в социальных сетях, мы должны быть способными к «самоцензуре».

Государство – это союз институтов и людей. Институты должны повышать уверенность граждан о завтрашнем дне, посредством проведения справедливой социальной политики и обеспечив участие людей в принятии важных решений.

Граждане, в свою очередь, должны обеспечить уважение к институтам и незыблемое исполнение законов страны, принять культуру правопорядка.

Самый важный государственный институт – институт Президентства Казахстана – как раз выполняет функцию «скрепа», объединения граждан вокруг ценностей государственной целостности, политической стабильности, социального прогресса.

Президентский институт является символом непоколебимости Казахстана, единения народа и государства, территориальной целостности страны.

Сегодня К. Токаев является лидером, способным сплотить граждан вокруг новых ценностей справедливости, солидарности и сплоченности.

Поэтому есть национальный консенсус вокруг К. Токаева персонально.

В целях сохранения и упрочения государственности Казахстана следует Институт Президентства развивать и поддерживать.

Отключение интернета и связи в Казахстане во время «трагического января» по различным оценкам обошлось государству около 200 млн долларов.

Дорого стоит отсутствие технической связи в стране.

Дороже обходится отсутствие человеческих, духовных, родственных связей людей в одной стране!

В этом случае мы потеряем нити единого целого, у нас начинается моральное разложение общества и государства.

Таким образом распадаются государства. Поэтому мы должны быть способными «сшивать» связи, создавать нити сотрудничества между людьми, социальными группами.

«Афганистан» не только географическое, страновое понятие, гораздо страшнее, как показала жизнь, если «афанский синдром» будет в головах наших людей.

Вот почему нужна перезагрузка общественного сознания, проведение общественно-политических реформ, концепция «Нового Казахстана» как раз решает эти задачи.

Мы должны быть способными получать правильные уроки и делать позитивные выводы из своей политической истории.

Тогда мы сможем укрепить государственность.

Ибо, наша главнейшая ценность – Независимый Казахстан!

Независимый Казахстан превыше всего!

**Ерлан САИРОВ,**
**депутат Мажилиса**
**Парламента РК**

№3 (977) 24.01.2022 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**В моей жизни было много замечательных людей, но одна из самых замечательных – Амангельды Касымовна Нарымбаева-Уалиева. У нее была трудная судьбы, но сила ее духа и талант исследователя выдвинули Амангельды Касымовну в ряды подвижников-ученых, чьи труды способствовали преодолению в казахском обществе «кризиса идентичности». Своим научным вкладом по воссозданию подлинной роли тюрков в мировой культуре и цивилизации она вошла теперь в историю, в благодарную память своих многочисленных читателей и почитателей.**



# «НЕТ ПРОРОКОВ В СВОЕМ ОТЕЧЕСТВЕ»

Ее книга «Туран – колыбель мировых цивилизаций» переведена на английский язык, участвует в конкурсе лучших книг, организованном Министерством культуры и спорта и проходившем на базе Республиканской книжной палаты. Хочется верить, что комиссия министерства воздаст должное автору, чья книга завершает серию трудов по истории и культуре тюркских народов.

Как сказал недавно в своем интервью российский журналист Максим Шевченко, «Казахстан – это не осколок Советского Союза, а наследник древнего тюркского фактора... И двигаться вперед по пути тюркской идеи и тюркской цивилизации это крайне важно». Интересно, что журналист назвал землю Казахстана колыбелью тюрков, Амангельды – мировых цивилизаций.

Нарымбаева А.К., опираясь на огромный фактологический материал, пробила огромную брешь в ортодоксальной исторической науке, которая длительное время, да и сегодня нередко, принижает роль и место тюрков в мировой истории. А прогрессивно мыслящие и непредвзято оценивающие эту роль ученые пишут в том же русле, что и Амангельды Касымовна. Так, американский профессор А. М. Хазанов отмечал, что кочевники оказывали преобладающее влияние на культурное развитие оседлых народов.

Казахоязычная от рождения, в школьные годы Амангельды Касымовна была вынуждена перейти на русский язык обучения в то горькое для казахов время, когда закрывали при Хрущеве казахские школы.

Старший сын Ермек в день ее смерти написал в Facebook: «Она вспоминала, как ее, самую рослую девочку в классе, в связи с массовым закрытием казахских школ в КазССР и казахских районах РСФСР при Хрущеве перевели из 6 класса казахской школы сразу на 2 класса ниже, в русскую школу, и она была теткой среди мелких, и не понимала ничего, не знала русского языка, под хохот класса, краснея, стояла у доски и хлопала глазами. Потом школу сделали 11-летней. И в итоге училась 13-14 лет в школе, закончила школу лучшей ученицей в районе, поступила на истфак Кустанайского пединститута, снова вернулась в школу учительницей по истории. Упорством и железной волей прогрызала знания и препятствия, становилась везде авторитетным и уважаемым специалистом».

Сильный характер и упорство в достижении целей определили ее творческую судьбу. Будучи в 80-е гг. преподавателем истории сначала в школе, а затем в колледже, Амангельды Касымовна раскрывала перед слушателями на своих уроках подлинную историю тюрков.

Как рассказывала мне Амангельды, именно тогда она решила начать свой исследовательский труд по систематизации работ тюркологов и обоснованию собственного взгляда на язык, историю и культуру тюркских народов.

Решающим обстоятельством, побудившим Амангельды написать книгу, стало обсуждение ее внеклассного мероприятия в Астанинском колледже в 2002 г. на тему: «Военное искусство тюрков». На этом мероприятии присутствовали директор колледжа и преподаватели, заместитель директора департамента образования г. Астаны З.С. Уалиева. Итогом обсуждения внеклассного мероприятия стало обвинение Амангельды в национализме, в недостоверности и ненаучности приводимых ею фактов. Последовало категоричное требование не использовать на занятиях никакой дополнительной литературы, ограничиваться лишь фактами из учебников.

И снова проявились ее сильный бойцовский характер, развитое чувство собственного достоинства. В заявлении на имя директора колледжа она подчеркнула: «Задета моя честь как человека и преподавателя, и я вынуждена отправить материал своего внеклассного мероприятия на экспертизу в Евразийский национальный университет». После рассмотрения на заседании кафедры от 7 июня 2002 г. Амангельды Касымовне было предложено написать монографию по данной теме для широкой студенческой и преподавательской аудитории.

Ее первая книга в мягком переплете «Аркаим – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками», увидевшая свет в 2004 г., произвела эффект разорвавшейся бомбы в кругу представителей академической науки.

Как отметила автор, к написанию этой книги по материалам разработанного ею во время работы в колледже лекционного курса ее побудило отсутствие всякого интереса к проблеме Аркаима со стороны казахстанских ученых-историков. В 2007 г. вышло 2-е издание книги.

Организованная мною презентация в Доме ученых, зал которого любезно предоставила осенью 2007 г. Гайникен Айдархановна Бибатырова, собрала многочисленных читателей, друзей, ученых. Доктор искусствознания, профессор Асия Ибадулллаевна Мухамбетова выразила общее мнение, назвав эту книгу научным подвигом автора.

А в рецензии на книгу известного культуролога, писателя Зиры Наурзбаевой отмечено, что «созданная в колониальный период парадигма истории, в которой кочевникам отводится место на задворках, трещит по швам, несмотря на все усилия официальной науки Казахстана сохранить имперский идеологический проект. Очередной акт бунтарства – книга Амангельды Касымовны Нарымбаевой «АРКАИМ – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками» (Алматы, 2007), презентированная недавно в Доме ученых в Алматы».

Амангельды Касымовна была не только талантливым серьезным ученым, но и прекрасным человеком. Вместе с мужем, талантливым композитором-песенником, она воспитала четырех замечательных детей.

Но глубина и цельность ее натуры, ее развитое чувство собственного и национального достоинства требовали большего, и она взялась за трудную и кропотливую работу по сбору и систематизации обширной литературы, вначале по Аркаиму, а затем по номадологии и тюркологии. В 2016 г. вышла последняя ее книга «Письмо и религия тюрков».



Мы не просто так являемся на свет. На нас возлагается творцом какая-то миссия. Не каждому дано ее разгадать. Амангельды Касымовне удалось разгадать свое призвание. Каждый человек, если он Личность, ищет смысл своей жизни.

Помню, несколько лет назад она мне говорила, словно предчувствуя свой возможный скорый уход, что больше всего ее заботит судьба незаконченной еще работы над книгами. Дескать, дети уже давно взрослые, смогут позаботиться о себе, а ее книги может написать только она сама.




В своих книгах Амангельды Касымовна убедительно развенчивала поддерживаемый академической наукой миф о поголовной ираноязычности скифов.

Сегодня об этом говорит советский и американский ученый, доктор наук, профессор Анатолий Алексеевич Клесов, вспоминая Василия Ивановича Абаева, который по приказу Сталина украл историю у тюрков. Абаев В.И., будучи признанным авторитетом в академической науке по языкам скифов, утверждал концепцию ираноязычности скифов по приказу Кремля.

По словам А.А. Клесова, Постановление ВКПб от 9 августа 1944 г. запрещало тюркским народам изучать свою историю, государство Чингисхана было переписано под монголов, о каганатах приказано было молчать. Ученые-тюркологи долгое время были в опале, да и сегодня представители академической науки встречают в штыки труды о подлинной истории тюрков.

У интервью А.А Клесова говорящее название: «Скифы – предки казахов, но нам приказали молчать». Тем значительнее вклад в тюркологию ученого-энтузиаста без ученой степени Амангельды Касымовны Нарымбаевой-Уалиевой!

В статье первого Президента «Семь граней Великой степи» подчеркивается, что «речь идет об истории Казахстана, которая является общей для многих этносов, проживающих на нашей территории длительное время. Это наша общая история, вклад в которую внесли многие выдающиеся деятели разной этнической принадлежности».

Но все же идея национального единства основана на консолидации казахстанского общества вокруг этнического большинства, то есть стержнем казахстанской модернизации должно стать объединение всех этносов вокруг казахского этноса. В нашей стране проблема поиска места в глобальном пространстве, которое было бы наиболее приемлемым, касается всех этносов, считающих Казахстан своей родиной.

Однако для казахского этноса эта проблема особенно актуальна в силу преследовавшего казахов в течение десятилетий «кризиса идентичности». В этих условиях для возрожденного Казахстана ключом к сбережению нации, стабильности общества, национального единства и общественного согласия является ориентир на богатое историческое и культурное наследие казахского этноса как тюркского.

Модернизация исторического сознания будет проводиться через семилетнюю программу «Архив-2025». Это своеобразное продолжение «Мәдени мұра». Но, как отмечено в статье, на этот раз инициируются фундаментальные исследования как отечественных, так и зарубежных архивов. Необходимо не только собрать по крупицам исторические факты, касающиеся нашего народа, но и сохранить их в цифровом формате.

Н.А. Назарбаев призывает мировое сообщество принять участие в исследовании культурно-исторического наследия степной цивилизации. Работа «Семь граней великой степи» обращена не только к казахстанскому народу, но и широкой международной общественности – академическим кругам, историкам, деятелям культуры и искусства, специалистам в области музейного и архивного дела, журналистам.

Но, как известно, нет пророков в своем Отечестве...

В нашей стране наряду с такими маститыми учеными, как А. Маргулан, К. Байпаков, К. Акишев и др., есть ученые-энтузиасты, которые десятилетиями вели свою исследовательскую работу в области древней истории тюркских народов на собственные средства, не получая государственной поддержки. В их числе историк А.К. Нарымбаева, автор нескольких книг по истории тюрков. В рамках предложенного Н.Назарбаевым проекта "Тюркская цивилизация: от истоков к современности" исследовательская работа таких ученых-энтузиастов может и должна получить официальную поддержку.

Все книги Амангельды Касымовны написаны по-русски. Перевести их на казахский язык – задача первостепенной важности. В свое время Амангельды обращалась к вице-министру образования и науки М.К. Орынханову, к министру культуры Мухтару Кул-Мухамеду, к премьер-министру С.Н. Ахметову, к госсекретарю М.М. Тажину с просьбой оказать государственную поддержку в переводе ее книг на казахский язык. Однако все ее обращения остались без ответа.

Хочется верить, что в рамках предложенного президентом Казахстана К.К. Токаевым Национального проекта «Ұлттық рухани жаңғыру» задача 1. «Развитие казахстанской идентичности и интеллектуального потенциала» предполагает государственную поддержку интеллектуального наследия замечательного ученого Амангельды Касымовны Нарымбаевой-Уалиевой.

**Тамара САТЫБАЛДИНА,**
**профессор КНК им. Курмангазы**

**Асылбек қажы 1916 жылғы Қарақарадағы «Албан көтерілісінің» көсемі Ұзақ батырдың бел баласы Оманнан туған Інкәннан. 2000 -шы жылдары Қытайдан ата-бабасының атамекеніне оралып, тіршіліктерін Алматы облысы Талғар ауданындағы Рысқұлов ауылынан бастаған. Бала күнінде атасы Оманның аяулы алақанын көріп, тәрбиесін алса, әңгімесін бойына сіңіріп өсіпті. Атасынан қалған кейбір заттарын көзіндей көріп, үйіндегі бір бөлмеге сақтауы да құрметі дерсің. Солардың бірі атасы киген сырты қара материалмен қапталған қара терілі сеңсең ішік пен жазғы дырап шапан. «Мұны Оман атам киген еді. Мүмкін ұлы атамыз Ұзақта сеңсең ішікті киген шығар деп те ойлаймын. Мен ес білгелі үйде»-деді.**



# АТАДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР



Сеңсең ішік пен дырап шапаннан басқа ертоқымның күмістелген құйысқаны, тартпасы мен атқөрпеге арналып жасалған тартпа, үзеңгі мен жүген және тобылғы сапты қамшы да бар. Сондай-ақ екі, үш шыны аяқ сиятын қақпаты қолайы шәйнекті атасы пайдаланғанын айтады. Шайнектің бір бүйірі гүлденіп өрнектелсе, екінші жағын жалаң, еш сурет салынбапты. Бұл жәдігерді Асылбек қажы күні бүгінге дейін пайдаланып келетін айтып, «мен үшін аса бағалы ыдыс», – дейді. Бұдан басқа бір ақ шүпірекке оралған қыздардың шашына тағатын шашбауы мен соның жартылай сынығына да көрсетті. Шашбау өте қарапайым жасалыпты.Ұзындығы сіріңкенің қорабындай екеу келсе, ені сәл жіңішкелеу. Оның бір беті үш бөлекке бөлініп, әр бөлекте бәйшешек гүл тәрізді тоғыз көз салынған екен. Оның көздеріне түрлі асыл тастар салынған тәрізді. Бірақ бірде-біреуінің тасы жоқ. Тек орындары ғана. Ал олардың сырттарынан ирек өрнек жүргізілген.Шашбаудың бір басында кішкене екі тесігінде бар. Бұдан басқа тағы бір жәдігер ұршықтың басы тәрізді темір бұйым. Ортасы тесік. Оны көрген адам ұршықтың басы деп те ойлайды. Мүмкін солай да шығар. Іш жағы шұңғыл. Дәл ортасындағы тесіктің жоғары жағында 18 0 94, төменгі жағында 94 88 деген сандар анық көрінеді. Сандардың астыңғы жағында көмескілеу С Д Б және О әріптерді сияқты жазу байқалады. «Бұл екеуін де шешелеріміз сақтап келіпті. Шашбаудың сақталуында бір сыр бар тәрізді. Бұл бабамыз Ұзақ батырдың қайғылы жағдайда қайтыс болған Бәкей қызының шашбауы болуы мүмкін. Өйткені, шешелеріміздің қарапайым шашбауды сақтап келуінде бір сыр бар сияқты» – дейді қажы.

Қарияда бұдан басқа да ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың 1991 жылы төтеше жазумен жазылған кітабын да сақтап келіпті. Кітаптың сыртқы мұқабасы сары, әрі жұқалау. Басылым «Шыңжан жас өрендер» баспасынан шыққан. Ішкі бетінде «бұл кітап советтік Қазақстанда 1975 жылығы басылымна сай көшірліп басылған, ішін ара атаулары ғана өзгертілген. Мекен-жайы Үрімші құрылыс көшесі 9 қора. Шыңжан Шинхун кітап дүкенінен тарады. Шыңжан баспа зауытында тіркелді. Сауап ауданы баспа зауытында басылды. Форматы 1/32. 1099Х781 мм баспа табағы.12. 875. 1987 май 1 баспасы. 1991 жылы август. 3-басылуы.Тиражы 7. 401-840. Бағасы 5 юнь 40 тиын. Мазмұны Қилы заман, Қараш-Қараш. Алғы сөзін Ш.Айматов жазған. 1-395 бет» деген кирилица жазуымен жазылған жазуды оқыдық. Кітапта Асылбек қажы үшін қымбат екенін айтады. «Біз Саурық батырдың баласы Ұзақтан тараймыз. Атам Оман 1928 жылы байдың тұқымы деп, Оралға жер аударыпты. Кейін ашаршылық жылдары жазасын өтеп келгенде Жаркенттің бар балаларын қамаған. Әйтеуір ұлы атамыз Ұзақты танитын біреулер түрмеден қашуға көмектесіпті. Сол қашқаннан олар 1932 жылдары шекара асып, Қытайдың Іле қазақ облысы Текес ауданына барған. Атам 1916 жылы Қарқарадағы албан көтерілісі туралы көп айтушы еді. Сол әңгімені біз ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Қилы заманынан» мұнда оқыдық. Кітап осымен құнды дегені бар.

Үйдің бір қабырғасына ілінген шағын Шыңжан Іле қазақ облысының картасына көзім түсті. Карта төтеше жазумен жазылыпты. Жазуды Асылбек қажы өзі оқып берді. «Картада 3 қазақ, 5 ұйғыр, 1 қырғыз, 2 моңғол облысы бар екені көрсетілген. «2 моңғол облысының 1-уі қазақтың жері. Жер көлемі 1 млн. 600 мың шаршы метр карта мектеп оқушыларына арналған географиялық сызба. Қазір мұндай картаны кездестіре алмайсың, – дейді ол кісі. Шағын бөлме осылай өткен тарихтан сыр шертіп тұр. Өткеннен қалған жәдігерлер кімге болсын қызық.

**Жексен АЛПАРТЕГІ**
*Суреттерді түсірген автор*

■ RÝHANI JAŃǴYRÝ

# ҰЛТ БОЛЫП ҰЙЫСУДЫҢ ҮШ ДІҢГЕГІ

**Қазақ халқының ұлт боп ұйып отыруы – тіліне, тарихи жадыны мен ұлттық рухына-діліне байланысты. Бұлар ошақтың үш аяғындай ұлттығымызға тіреу болып тұрған қасиетті ұғымдар. Біреуін алсаң ошағың опырылып өзінен өзі құлайды. Сондықтан да, 2017 жылы 12-сәуірде Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада ұлттық бірегейлікті сақтап, қоғамдық сананы жаңғыртуда тарих пен рухтың қаншалықты маңызды екенін ерекше атап өтті. Әсіресе, бұл жаңғыру ұлттық тарих пен мәдениетке негізделуі қажет дегенді Елбасы баса айтты.**

Елбасының тапсырмасына сәйкес осы мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға байланысты 2019 жылы «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ құрылды. Институттың негізгі мақсаты – Елбасының «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» атты бағдарламалық мақалада көрсетілген міндеттерді іске асырып ілгері жылжыту стратегиясын әзірлеп іске қосуды және оны қазақстандық отбасылық саясатта және ЖОО орындарында оқытуды іске асыру үшін әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеуді қолға алған болатын.

Осыған байланысты аталған институт 2021 жылы 1-қазаннан 23-қарашаға дейін мектеп мұғалімдері мен ЖОО орындарының оқытушылары үшін дайындық вебинар курстарын ұйымдастырып арнайы дәрістер өкізген болатын. Онда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсат-міндеттері мен оның негізгі ұстанымдарын түсіндірумен қатар оны жастардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың әдістері, отбасылық құндылықтарды насихаттау мен қоғамда жастарға қатысты мәселелер әңгіменің басты өзегі болды. Мұның басты мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты білім базасын жасап, оқушы жастардың бойында ұлттық құндылықтар мен дүниетанымдық ұстанымдарды нығайту, ойын және коммуникативтік қызмет арқылы жас ұрпақтың бойында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

Дәріс тыңдаушылар өз кезегінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысты өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Соның ішінде Бағдарламаны мектепке дейінгі білім беру мен балабақша жүйесінде қолдану мүмкіндіктері мен әдістері талқыланды. Мысалы, мектептерде «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты кабинеттер мен бұрыштар ашу ұсынылды. Олар міндетті түрде интерактивті тақталармен, тарихи карталармен және ұлттық тарихқа қатысты көркем құрал-жабдықтармен және өз бетімен білім алу үшін кітаптармен жабдықталуы тиіс.

Ал балабақшаларда бүлдіршіндердің жас ерекшеліктерін ескере отырып «Рухани жаңғыру» бұрыштарын ұлттық ертегілер мен мультфильмдердегі кейіпкерлердің және ұлттық нақыштағы басқа да суреттермен толтыру қажет. Әсіресе, балабақшада әр баланың киім ілетін шкафтарына қазақ халқының тұрмыссалтымен, мәдениетімен байланысты музыкалық аспаптардың, төрт түлік пен құрал-саймандардың суреттері ілінсе, қазақ күйлері мен әуендері жиі тыңдалса екен деген ұсыныс айтылды.

Ал ЖОО-ның 1-курс студенттері үшін «Рухани жаңғыру» ұстанымдары әдістемелік нұсқаулар жасалды.

Ол курсты оқу барысында студенттер қазақ халқының ұлттық болмысы және рухани құндылықтарымен танысып, «Біз кімбіз? Қайда бара жатырмыз? Не жоғалттық? Нені қабылдадық? Жаһандану заманында ұлттық қасиетіміз бен болмысымызды қалай сақтап қаламыз?» деген сұрақтарға жауап алатын болады.

Тарихи сана – қазақ болмысының ажырамас бөлігі. Өйткені,ол қазақ халқының бірегейлігін сақтаудың бірден-бір шарты болып табылады. Ол – Елбасы атап айтқан ұлттық код немесе ұлттық кілттің негізі!

Жалпы, ұлттық код деп нені айтамыз? Менің ойымша ұлттық код (кілт) – белгілі бір халықтың бойына ғана тән болатын дүниетанымдық құндылықтардың кешені. Қазақ халқы үшін олар келесідей – шежіре мен тарихи жады ретінде «Жеті ата» ұғымы; «Тіл» – онсыз ұлттық бірегейлік пен рухани мұра жалғасын таппайды; «Ел мен Жер» ұғымы – оларсыз Елбасы айтқандай Отан, «Ата мекен» деген түсінік қалыптаспайды; «Ар мен Намыс» – қазақтың барлық іс-әрекетінің мәні осы екеуінде (мотивация). «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы!» деген нақыл қазақ халқының өз құндылықтар жүйесінде бірінші орынға нені қойғанын анықтаса керек.

Қазақстан Республикасының 30 жыл ішінде қол жеткізген табыстары аз емес. Соның арқасында Қазақстан дүниежүзіне өзін таныта білді. Ендігі міндет – Қазақ жастарына ұлттық рухта мықтап тұрып тәрбие беру. Бүгінде қазақ жастары әрқилы. Олардың арасында әртүрлі діни ағымдарға және және әртүрлі елдердің мәдениетіне еліктегендер баршылық.

Сонда оларды біріктіретін нәрсе не?

Ол – өз халқыңмен, өз еліңмен тарихи тағдырластықты ұғынып білдіретін тарихи жады!

Осы бағытта «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» алдында әлі атқаратын міндеті мен қызметі ұшан теңіз.

Институттың жұмысына табыс пен сәттілік тілейміз!

Алла жар болсын!

**Арман, ЖҰМАДІЛ,**
**т.ғ.к., ҚР ҰҒА**
**Ш.Уәлиханов атындағы**
**Тарих және этнология институтының ЖҒҚ,**
**ҚБТУ қауымдастырылған профессоры**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

### ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Білгір мен Дымбілмес емтихан тапсыруға келеді. Алдымен білгір кіреді. Оған қойылған сұрақтар:*
*—Суға батып бара жатқан адамды көрсең не істейсің?*
*— Арқан жіберіп, құтқарып қаламын.*
*— Досың пойызбен алыс жолға кетіп бара жатса не істейсің?*
*— «Қош бол!» деп шығарып саламын.*
*— Төбелесіп жатқан балаларды көрсең не істейсің?*
*— Татуластырып жіберемін.*
*— Сүт алуға кезекте тұрған адамдарды көрсең не істейсің?*
*— Кезекке тұрып, кезегім келгенде сүт сатып аламын.*
*Бұл жауаптардың бәрін Дымбілмес естіп, өзінше жаттап алады.*
*— Суға батып бара жатқан адамды көрсең не істейсің?*
*— «Қош бол!» деп шығарып саламын.*
*— Досың пойызбен алыс жолға кетіп бара жатса, не істейсің?*
*— «Арқан жіберіп», құтқарып қаламын.*
*— Төбелесіп жатқан балаларды көрсең не істейсің?*
*— Кезекке тұрып, кезегім келгенде төбелесемін.*
*— Сүт алуға кезекте тұрған адамдарды көрсең не істейсің?*
*— Татуластырып жіберемін.*

***

*— Әуре болмасаңызшы, шығарып салмай-ақ қойыңыз.*
*— О не дегеніңіз! Қонақ шығарып салғанда, мен сондай бір рахаттанып қаламын!*

***

*— Ескі пальтомның түймелері үзіліп бітті. Киюге ұят өзі!*
*— Ештеңе жоқ, ертең сатып әперем.*
*— Пальто ма?*
*— Жоқ, түйме әперем.*

2021 жылы №52 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ж | А | Р | А | Қ | А | Т | | Ү | Ң | Ғ | Ы | | К | А | Р | И | Б |
| | | А | | У | | А | | Ш | | Ү | | | | | | | О |
| Ү | | П | | М | | С | | А | | Н | У | | | | | | Я |
| П | Р | А | Г | А | | П | А | Н | А | | | | | | | | Р |
| Е | | | Р | И | Н | И | Т | | Р | И | М | | | | | | С |
| Л | А | В | А | | А | Қ | Ш | | А | Л | А | | | | | | К |
| Е | | | Ф | | З | | А | Д | Л | Е | Р | | А | Р | Т | А | И |
| К | О | Н | И | К | А | | Б | | А | У | С | Ы | Л | | У | | Й |
| | | А | К | Р | | Б | А | К | У | | | | Е | Р | К | Е | |
| Б | Е | У | | У | | І | Р | У | | О | М | С | К | | | | И |
| Р | | А | | З | | З | | П | | | Ы | | О | Р | Г | А | Н |
| Э | П | И | З | О | Д | | К | Е | З | Е | Ң | | | А | А | Р | Е |
| Д | | | А | | Е | Л | І | | И | Ф | | Д | И | Д | И | | Ш |
| | В | А | Р | У | М | | М | А | Л | И | | | В | А | | О | |
| З | | | | | | С | | Л | | М | А | М | А | | О | Қ | А |
| А | | | | | | Ү | | Е | С | | | А | | | Д | А | Қ |
| Г | | | | | | Л | А | К | | Т | О | Ң | У | | А | П | О |
| Р | | | | | | Е | | | Б | Е | З | | Т | | Ғ | | Р |
| Е | | | | | | Е | Р | У | | Т | А | Ғ | А | | А | И | Д |
| Б | Е | С | П | А | Е | В | | А | | Е | Т | | С | А | Й | Р | А |

# Грейпфруттың қабығын тастамаңыз!

**Грейпфрут — пайдалы цитрусты жеміс. Оның қабығының өзін бірден қоқысқа тастауға асықпаңыз. Ендеше, грейпфрут қабығын қалай пайдалануға болады?**

Оны лимон секілді үй тазалауға пайдалануға болады. Ол үшін лас жерге ас содасын сеуіп, оны грейпфрут қабығымен ысқылаңыз. Нәтижесі сізді міндетті түрде таңғалдырады. Бұл әдісті ластанған ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаны немесе плитаны тазалауға қолдануға болады.

***

Грейпфрут қабығын лимон немесе апельсин қабығы секілді қанттауға болады. Интернетте оны қанттаудың түрлі рецептілері бар. Сондай қантталған қабықтарды ұсақ текшелерге бөліп, кекс немесе чизкейкке аздап қоссаңыз, оның қышқыл дәмі торттың дәмін ерекше етеді.



Грейпфрут қабығын кептіруге де болады. Кепкен қабықты ұнтақтап, мысалы, көк шайға қосуға болады. Бұл пайдалы жемістің қабығынан дайындалған шай ағзадағы зат алмасу процестерін жылдамдатуға және артық салмақтан арылуға көмектеседі.

Грейпфрут қабығын тамаққа қолданатын болсаңыз, оны жерде сыртын жақсылап жууды ұмытпаңыз.

***

Грейпфрут қабығынан денеге арналған скраб дайындауға болады. Оны бірдей өлшемдегі (мысалы, әрқайсысын 1 ас қасықтан) үккіштен өткізілген грейпфрут қабығы, теңіз тұзы, зімбір және майдан дайындайды. Скрабты қымталған ыдыста сақтау керек. Оны бетке және тершіккен теріге қолдануға болмайды: ол аллергия беруі мүмкін.

*massaget.kz*

***Көктем, жастық шақ – бірнеше кітабы жарық көрген танымал ақын Әнуарбек Әуелбектің сүйікті тақырыбы. Шайыр шеберлігі осы қос тақырыпта ерекше аңғарылады. «Көңіл көктемі» деп аталатын жуырда ғана жарық көрген жинағы пайымымыздың дәлелі.***



# Әнуарбектің көктемі




... Арқадан ауыр жүк түсіп,
Қалғандай әлем босанып.
Қыс бойы жатқан бүк түсіп,
Белдерім жатыр бусанып...
Құрсауын қыстың кескілеп,
Көтерер келіп еңсені.
Қыр жақтан жылы есті леп,
Сағындым, Көктем, мен сені!

Нанымды сурет. Табиғат пейзажы. Кәдімгі кәнігі суретшінің полотносына майлы бояумен салынған тамаша туындыдай маужырап тұр.

...Арпалысып,
Арта түсіп
саған деген құмарым,
Асқан белден,
Аспан-жерден
өзіңді іздеп сұрадым.
Ақ тұманның арасында
Ғайып болып барасың ба,
Қайдасың?..

Әрине ақын сезімтал жанын тербеген, албырт көңілін сағынышы кернеген көктемді аңсап отыр. Балауса шағын, балаң кезін, аңғал да аңғырт сәттерін сағынады.

Алданамын...
Алда жаным
күтіп мені тұрғандай.
Арбаламын,
Бар ғаламым
маған мойын бұрғандай...

Таппаса да кұдерін үзбейді, бұлттардың карасынан, сағымдардың арасынан іңкәр жанды іздейді. Әне-міне табылып қалатындай көрініп, көңілі солай сезініп, елеңдейді. Ақын жырына сенесің, иланасың...

Әнуарбек ақын туған жерін, өскен ортасын әсте есінен шығармайды. Шырын шағының куәсі болған ауылына әр жырында айналып соғып отырады.

...Сол жыл есте, сол айлар,
Есте ай да, жұлдыз да.
Өтті бастан талайлар,
Бірақ бар ой сол қызда.
...Ор болса да қазылған,
Он алтыға табындым...
Жастық шағым жазылған,
Жаңақорғанды сағындым....

Немесе:

Жаңақорған жүректің жылы таңы,
Қайда жүрсем жанымды жылытады.
Сырға айналған жастықтың жыры тағы
Көңілде жүр ұдайы.

Тағыда:

Жаңақорған – бүкіл ел сүйіп өткен
Куәсі ғой тарихтың сыйы жеткен.
Топырағын басарда сен әуелі,
Көкке көз сал, ішіңнен сыйын әбден.
Қасиетті жерлердің бәрі осында,
Түркістан мен Шиелі арасында.
Сығанағым, Саураным. Келінтөбем,
Кетер сүңгіп тарихы сан ғасырға.
Хандарың да, қара да, қасап та өткен,
Құпиясы көп жұмбақ жасап кеткен.
Алпамыстай батырдың ізі жатыр,
Туған жердің төсінде азат еткен.

Әнуарбек ақынның туған жері, міне, осындай – шежіреге бай, төрт түлігі сай қазыналы өңір. Ақынға да, батырға да, әулие-әмбиеге де кенде емес. Суы шипа, топырағы дәру, ауасы дауа.

«Бақыт дегеніміз не?». Осы сұрақты адамдар бір-біріне жиі қояды. Ақындар да бұл сұрақты айналып өткен емес. «Екі жерде екің = 4» деген сияқты бұл сұрақтың тұрақты математикалық жауабы жоқ. Әркім бақытты өзінше топшылайды. Біреуге үй алу, біреуге сый алу бақыт. Ал Әнуар ақын бақытты қалай бағалайды? «Бақыт» деген өлеңін оқып көрейік:

...Бірімізді біріміз жылатып,
Бірімізді біріміз жұбатып,
Кейде сүйіп, кейде күйіп екеуміз
Тірліктің тозақ отына да шыдадық.
Шыдамай мына жалғанда,
Топты бір енді жарғанда,
Айырылысты талайлар
бақытына
Қол созым жер қалғанда.
Сол бақытты – жыр-аңыз
Алдан күтіп тұрамыз.
Алдың – асу, құла-дүз..,
Мен білсем,
Бақыт осы мына – Біз!

Тілге жеңіл, ойға қонымды. Бастан өткен, өмірдің өзі жасаған шындық. Бақытты күту, іздеу, армандау аз, сол жолда күресу керек, ауыры мен азабына төзу керек. Сезім бар жерде төзім де болғаны абзал. Төзім сабырдың туысы. «Сабыр түбі – сары алтын» деп қазекең неге айтқан.

Алпыстың асқары –
Бақыттың бас бағы.
Алпыстың асқары –
Ақылдың бас таңы.
Алпыстың асқары –
Жүз жастың жас шағы.
Алпыстың асқары –
Бағыңның асқаны.
Алпыстың асқары –
Ғұмырдың дастаны.
Алпыстың асқары –
Иманның аспаны.
Алпыстың асқары –
Тәрк етіп басқаны,
Шынайы өмірдің
Ғажайып бастауы...

Әнуарбек 60 туралы осылай толғайды. 60-тың дәмін әлі онша татпаса да, бұл жастың мәнін жақсы түсінген. Амандық болса, ол дәмді енді тата бастайды (60 жасқа үстіміздегі жылдың 1-қаңтарында толды). Өзі жырлаған, сол ғажайып асқарға жетті, шыңына шықты, қазір сол ғажайып 60-қа табанын нық басып тұр...

«... Алпыстың асқары –
Жүз жастың жас шағы...»

Жақсы теңеу, бағалы балама, «алпыс – тал түс» деген бұрынғылардың ойымен үндесіп, сол пікірді толықтырып тұр.

«Алпыстың асқары – иманның аспаны». Осы бір жалғыз қатар жыр еңбек адамына зейнетке шыққасын дәстүрлі дінімізбен біржола айналысуға, сөйтіп иманды байытуға жолы ашылады дегені. Ауыл карттары намазға жасы алпыстан асқасын барып біржола бет қояды. Содан талқаны таусылып, демі біткенше одан бас алмайды. Ақын соны меңзеп отыр.

Әнуар ауыл баласы. Тасты, құмды аймақта өнді, өсті. Түнде жұлдыз санап, сүйіктісін айға балап ер жетті. Туған жердің шаңы мен лайы оның ұдайы түсіне кіреді. Аспанды нұрға бөлеп, төңірегіне арай шашып самсаған жұлдызды түн ол үшін мың боюлы Алматы түнінен әлде қайда артық...

Ақын Әнуарбек Әуелбеков қазір дер шағында тұр. Ақын көктемі, Әнуарбек көңілінің көктемі деген осы. Көктемің ұзақ әрі шуақты болсын, алпысың құтты және қуатты болсын!

**Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,**
**ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 429,24 | 3 ай | қала | 1287,72 | 6 ай | қала | 2575,44 | 12 ай | қала | 5150,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 447,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1343,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2687,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 5374,32 |

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**
**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
**Жауапты хатшы –**
**Гүлмира САДЫҚ**
**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**
**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
**Тарату бөлімі:**
**Нұр-Сұлтанда:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),
**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Авторлың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**
**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31
**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Зейнолла АБАЖАН**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген